



Наурыз

ҰЛЫС ОҢ БОЛСЫН!





БАЙЫПТАМА

ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ

Халықтың көкейіндегі мәселелер талқыланатын алаң

Халқымыздың тарихында ертеден хандар мен халық қалаулылары жиналып, құрылтайда ел мен жердің бүгінгі жағдайы мен болашағына қатысты маңызды мәселелерді талқылаған. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылы халыққа арнаған «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауында алғаш рет елімізде Ұлттық құрылтай құруды ұсынған еді. Ұлттық құрылтайдың қызметі Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің жұмысын жалғастырып қана қоймай, жүйелі саяси реформалардың жүзеге асуына маңызды институт ретінде қалыптасты. Ұлытау төрінде басталған құрылтай киелі Түркістанда жалғасып, өткен жылы Атырау қаласында өтті, ал биыл төртінші құрылтай Көкшетау қаласында ұйымдастырылды. Келесі жылы ол Қызылорда қаласында өтеді. Мақаламызда еліміздің саяси даму жүйесіндегі Ұлттық құрылтай институтының мазмұны мен мәнін талдап көрелік.

- IV Ұлттық құрылтайда айтылған басты мәселелердің бірі салық жүйесін жаңарту болды.
- IV Ұлттық құрылтайда мемлекеттің әлеуметтік міндеттемелерді орындауы, қоғамның реформаларды дұрыс түсінуін, қоғамдық этика мәселелерін шешуді және радикал дін атын жамылған идеологияларға қарсы тұрудың маңызына ерекше тоқталды.
- Көкшетау төрінде өткен Ұлттық құрылтайда еліміздің логистикалық әлеуетіне ерекше назар аударылды.
- Әлеуметтік саланы қолдау мақсатында 10 триллион теңге бөлінеді.

ДАЛА ДЕМОКРАТИЯСЫНЫҢ
ЖАҢА ФОРМАТЫ

Әрбір елдің саяси қалыптасу жолының өзіндік ерекшелігі мен мазмұны болғандықтан, бүгінгі таңда әлемнің барлық елдеріне ортақ, бірегей және тиімді саяси бағыт қалыптасты деп айта алмаймыз. Сәйкесінше, әрбір мемлекет өзінің ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, өзіне тән тиімді саяси-әлеуметтік жүйе қалыптастырып отыр. Елімізде халық пен билік арасында тиімді көпір ретінде қалыптасқан Ұлттық құрылтай – осының айғағы.

Ұлттық құрылтай – дәстүрлі түрде халық сайлаған өкілдер жиналатын заң шығарушы органға қарағанда ауқымы кең, күрделі әрі маңызды институт. Біріншіден, Ұлттық құрылтайға тек саяси қызметкерлер мен шенеуніктер ғана емес, халық арасында пікірі мен беделі қалыптасқан азаматтық қоғам өкілдері, халық

қалаулылары, мемлекеттік қызметкерлер мен жауапты тұлғалар жиналып, қоғамдағы өзекті мәселелердің шешімін талқылайтын алаңға айналды.

Мысалы, 2024 жылы Атырау қаласында өткен III Ұлттық Құрылтайда талқыланған мәселелердің қорытындысы бойынша 10 заң жобасы бастама ретінде көтеріліп, оның 9-ына Президент қол қойды, ал бір жыл ішінде сол 9 заң жобасы толыққанды заңнама ретінде қабылданды. 2022 жылы Мемлекет басшысының Жолдауынан кейін еліміздің саяси жүйесі түбегейлі өзгерді. Конституциялық реформалар жүргізіліп, билік құрылымы жаңаша сипатқа көшті.

Ең бастысы, жаңа дәуірде қайта жанданған Ұлттық құрылтай өзінің тарихи тамырымен біте қайнасып, ұлттық бірегейлікті айшықтай түсті. Алғашқы Құрылтай – ұлт ордасы саналатын Ұлытауда өтті, кейінгі кеңес түркі әлемінің бесігі атанған Түркістанда, ал өткен жылы – Сарайшық маңындағы Атырауда ұйымдастырылды. Биыл Құрылтай Көкшетау өңірінде өтпек. Құрылтай – жай ғана жиналыс емес, көптің ойын жалқының тілімен жеткізетін алаң.

Байқасақ, алғашында кеңес мүшелері құрылтайдың мән-маңызына тереңдей қоймағандай көрінгенімен, уақыт өте олардың белсенділігі арта түсті. Мысалы, Ұлытауда өткен алғашқы жиында бар болғаны 42 ұсыныс түскен. Ал Түркістанда – 106, Атырауда – 149 ой-пікір айтылыпты. Бұл уақыт өте келе кеңес құрамының жетіле түскенін және мәселелерді жеткізу мо-

делі дамығанын көрсетеді. Ұлттық құрылтай – Президент жүргізіп жатқан ауқымды реформалардың маңызды бөлігі. Бұл алаңда азаматтардың ұсыныстары нақты заңдар мен реформаларға айналады.

Ұлттық құрылтай «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асыруға және қоғамдық диалогты нығайтуға бағытталған. Яғни Ұлттық құрылтай саяси институт ретінде қалыптасып, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың саяси реформаларының жүзеге асуындағы негізгі құрылымға айналды. Ең бастысы, Ұлттық құрылтай – қоғамды ортақ мүдде аясында біріктіре отырып, ел үшін маңызды мәселелердің шешімін бірлесіп табуға арналған алаң.

Бұл – тәуелсіз Қазақстан тарихында жүзеге асып келе жатқан ең маңызды саяси платформалардың бірі. Аталмыш формат бүгінде елімізде саяси күн тәртібін қалыптастырудың маңызды механизмі ретінде өзін дәлелдеді. Ұлттық құрылтай – ғалымдарға, қоғам қайраткерлеріне және билік өкілдеріне еліміздің болашақ дамуы үшін бірлесіп талқылауға және шешімдер ұсынуға мүмкіндік беретін тиімді алаң.

Нұрболат
НЫШАНБАЕВ,
сарапшы,
«Тұран»
университеті.



САРАПТАМА

БАУЫРЛАС ЕЛДЕРДІҢ БАЙЛАНЫСЫ НЫҒАЙЫП КЕЛЕДІ

18–19 наурызда Өзбекстан Республикасы Президентінің көмекшісі Саида Мирзиёева Қазақстанға жұмыс сапарымен келді. Алматы қаласында өткен сапары барысында ҚР Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қаринмен кездесті. Кездесуде екі ел арасындағы мәдени-гуманитарлық қарым-қатынастың өзекті мәселелері талқыланды. Бұдан бөлек, Саида Мирзиёева бірнеше мәдени іс-шараларға қатысты. Өзбекстан Президентінің көмекшісі елімізге екінші рет жұмыс сапарымен келді. Алғашқы сапарын 2024 жылы 6 тамызда жасаған болатын.

МӘДЕНИ-ГУМАНИТАРЛЫҚ
БАЙЛАНЫС НЫҒАЯ ТҮСПЕК

Алматыда өткен кездесуде тараптар мәдени-гуманитарлық саладағы қарым-қатынас мәселелерін және бірлескен жобалар жайлы пікір алмасты. Сондай сәтті жобалардың бірі – «Заковат» интеллектуалдық ойыны. 2024 жылы 6 тамызда Астанада интеллектуалдық ойынның таныстырылымы өткен болатын. Зияткерлік ойынға жастар, оқушылар қатысады.

Бұдан бөлек, Ерлан Қарин елімізде жүргізіліп жатқан өзгерістер, Ұлттық құрылтай жұмысы жайлы айтқан. Шынында, Қазақстан мен Өзбекстан арасында одақтастық және стратегиялық әріптестік бір-бірінің тәжірибесін алмасу арқылы беки түседі. Бір-бірімізден аларымыз, үйренер тұстарымыз бар.

Сонымен қатар, тараптар «Орталық Азия-ЕО» және Арал мәдени саммиттеріне дайындық мәселелерін талқылаған. «ОА-ЕО» саммиті 2025 жылы 3-4 сәуірде Өзбекстанның Самарканд қаласында өтеді. Қазақстанның көпжақты сыртқы саяса-

ты мен Өзбекстанның сыртқы саясатында аймағымыздың Еуропалық одақпен байланысы маңызды рөл атқарады. Сондықтан кездесуде кейбір мәселелерде ортақ позициялар айқындалғаны анық.

Арал мәдени саммиті 2025 жылдың 4–6 сәуірінде Өзбекстанның Нүкіс қаласында өтеді. Бұл саммитті өткізуге Өзбекстан бастама көтерген. Биыл алғаш рет өтпек. Саммитті Өзбекстанның мәдениет және өнерін дамыту қоры ұйымдастыруда. Саммит көрші елдің мәдени-гуманитарлық саласын әлемге таныту, Орталық Азия мен әлем арасында бұл салада байланысты нығайтуға әсер етпек.

Саида Мирзиёеваның Қазақстанға жұмыс сапары барысында Ә.Науаи атындағы Өзбекстан мемлекеттік опера және балет Үлкен театрының «Лазги. Танец души и любви» атты қойылымы, суретші Орал Таңсықбаевтың кескіндемелік және графикалық жұмыстарының көрмесі өтті. Бұл іс-шаралар екі елдің мәдени-гуманитарлық саладағы байланысын нығайта түсетіні сөзсіз.



(Дереккөз: Akorda.kz)

ТҰТАС АЙМАҚТЫҢ САЯСИ
МӘДЕНИЕТІ МАҢЫЗДЫ

Астана мен Ташкент арасындағы дипломатиялық байланыстардың артуы екі елдің ақпарат құралдарында жылы пікірлермен қосталады. Бұл да болса бауырлас елдер арасындағы жыл сайын артып келе жатқан байланыстың оң нәтижесі. Тура-сын айтқанда, Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы сенімді әрі тұрақты қарым-қатынас тұтас аймақтың геосаяси табиғатына әсер етеді. Енді осы қырын талдап көрелік.

Біріншіден, Өзбекстан Қазақстанның одақтасы әрі стратегиялық әріптесі. Екі ел арасындағы қарым-қатынас теңгерімді және ұзақ мерзімге арналған.

Дипломатиялық қарым-қатынас 1992 жылы 23 қарашадан бастау алады. Одан кейін бірнеше маңызды құжаттар қабылданды. Атап өтер болсақ, 1998 жылы «Мәңгілік достық туралы», 2023 жылы «Стратегиялық серіктестік туралы» және 2022 жылы «Одақтастық қатынастар туралы», «Мемлекеттік шекараны белгілеу туралы» шарттарға қол қойылды.

Екіншіден, Қазақстан мен Өзбекстанның ғана емес, тұтас аймақтың саяси мәдениетін ескеру қажет. Біз көрші елдің ішкі ісіне араласа алмаймыз. Қалай өмір керек екені жайлы ақыл да айта алмаймыз. Бұл тұрғыдан Қытайдың сыртқы саясаты бізге жақындау. АҚШ демократтардың көзқарастарына ұқсамайды. Сондықтан әр мемлекеттің ішкі

саяси ерекшеліктерін ескеруіміз қажет. Дипломатияның заңы солай.

Аймақтың саясатында тұлға ерекше рөл атқарады. Саяси институттар жоғары деңгейде дамығанымен, тарихтағы тұлғаның рөлін ешкім жоққа шығара алмайды. Президенттер және өзге де саясаткерлердің арасындағы тұлғалық қарым-қатынас аймақ елдері арасындағы саясатқа әсер етеді.

Саида Мирзиёева Өзбекстанның президенті Шавкат Мирзиёевтің үлкен қызы. 2023 жылы тамызда президенттің көмекшісі лауазымына тағайындалған. Бұған дейін Шавкат Мирзиёев Президент әкімшілігі құрылымына өзгеріс енгізген. Жаңа құрылым бойынша Саида Мирзиёева ақпараттық саясат, әлеуметтік даму, білім беру, жастар саясаты секілді маңызды салаларға жетекшілік етуде.

Үшіншіден, президенттің көмекшісі жетекшілік ететін салалар Өзбекстанның өзіне ғана емес, екі ел арасындағы қарым-қатынасқа да оң әсер етеді. Себебі, халықтар арасындағы байланыс мәдени-гуманитарлық, әлеуметтік қарым-қатынас жасау арқылы нығаяды. Сондықтан бұл бағыттағы жұмыс екі тарапқа да тиімді.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.





ӘКІМ

НАУРЫЗБАЙ АУДАНЫНДАҒЫ КЕЗДЕСУ

Күрделі инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылады

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Наурызбай ауданының тұрғындарымен кездесті. Шаһар басшысы аудандағы атқарылған және атқарылатын жұмыстарға тоқталып, тұрғындардың сұрақтарына жауап берді.

Наурызбай ауданының тұрғындарымен кездесу барысында Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев жол және көлік инфрақұрылымын дамыту жұмыстары туралы айтып берді. Қала басшысы 2024 жылы 21 көшеде 14,5 шақырым жолға орташа жөндеу жүргізілгенін, ал осы жылы 35 көшеде тағы 47 шақырым жолды қамту жоспарланғанын айтты. Сонымен қатар, 2025 жылдың мамыр айында «Ақжар» және «Шұғыла» шағынаудандарында тағы 20 км жаңа жол құрылысы басталады, онда өткен жылы инженерлік желілерді салу жұмыстары аяқталды.

– Ауданда магистральдық көшелерді ұзарту жұмыстары белсенді жүргізіліп жатыр. Абай даңғылын Строительная көшесінен Алтын Орда көшесіне дейін ұзарту жалғасуда, жобаның толық аяқталуы мамыр айының соңына күтіледі. Төле би көшесін ұзарту бойынша 270 жер уәскесінен 211 жер сатып алынды, жобаны жыл соңына дейін аяқтау жоспарланып отыр. Жұбанов көшесіне келетін болсақ, 346 учаскенің 75-і сатып алынды, көшені ұзарту жұмыстары аясында жол құрылысын 2026 жылдың қараша айында аяқтау жоспарланған, – деді Ерболат Досаев.

Сондай-ақ, кездесу барысында шаһар басшысы 2025 жылдың соңына дейін Наурызбай ауданында 120 км су құбыры және 93,5 км кәріз желілерін салу бойынша ауқымды жұмыстар аяқталатынын атап өтті. Жаңа желілер «Ақжар», «Қарағайлы», «Таусамалы» және «Тастыбұлақ» шағынаудандарындағы 97 көшеде салынады. Осылайша 2,2 мың абонент, яғни 6 мыңнан астам тұрғын инженерлік инфрақұрылыммен қамтылады. Жалпы 2025 жылы Алматы қаласы бойынша 260 км жаңа желі салынып, 87 км инженерлік инфрақұрылым жаңғыртылмақ.

Қарғалы өзенінің арнасы жаңартылады

Алматыда 2024 жылы Наурызбай ауданындағы Қарғалы өзенінің жағалауын көркейту жұмыстары аяқталды. Бұл туралы Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Наурызбай ауданы тұрғындарымен кездесу барысында хабарлады. Қала әкімінің айтуынша, жоба аясында ұзындығы 3,5 км болатын жаяу жүргіншілер аймағы салынды, балалар және спорт алаңдары орнатылды, автосуару жүйесі ұйымдастырылып, көше жарығы мен көгалдандыру жұмыстары жүргізілді.



– Биыл маусым айында Қарғалы өзені арнасын 6,7 км қашықтықта қайта жаңарту және көркейту жұмыстары басталады. Жоба аясында 2026 жылдың маусымына дейін өзен арнасының бетон қабырғаларын қайта құру, су өткізу құрылыстарын қалпына келтіру, көгалдандыру және 10 жаяу жүргінші көпірін салу жоспарланған, – деді қала әкімі.

150 мың тұрғын сапалы ауызсумен қамтылады

«Ақсай» су жинағыштың құрылысын аяқтау 2025 жылдың қарашасына жоспарланған. Бұл туралы Ерболат Досаев мәлімдеді. Әкімнің айтуынша, бүгінде жұмыстардың 80%-ы аяқталған. Құрылыс маусымы басталған соң, нысанға апаратын көпірлер мен жолдардың құрылысы жалғасады.

– Integra Construction компаниясы белгіленген кестеге сәйкес қараша айында іске қосу-жөндеу жұмыстарын аяқтайды. Осылайша қаланың батыс бөлігі мен Алматы облысының бірнеше елдімекені сапалы ауызсумен қамтамасыз етіледі. Барлық қажетті қаражат бөлінді, бастысы – мердігер жұмысты белгіленген мерзімде аяқтауы тиіс, – деді Ерболат Досаев.

Төрт «Жайлы мектеп» ашылады

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы бойынша Алматының Наурызбай ауданында бірден 4 мектеп ашылады.

– Осы жылдың соңына дейін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында «Құрамыс» шағынауданында 1500 орынды жаңа мектеп ашылады. «Нұрлы дала» тұрғын үй кешені маңында 1500 орынды, Сабденов көшесі бойында 2500 орынды, «Елімай» тұрғын үй кешені жанында 1200 орынды мектептер ашылады. Сондай-ақ, осы жылдың бірінші қыркүйегіне қарай «Әлем-Сити» жанындағы 1200 орынды мектеп ашылады. Ол жеке инвестордан жергілікті бюджет есебінен сатып алынады, – деді шаһар басшысы.

Одан бөлек, мамыр айында «Шұғыла» шағынауданында 320 орынды балабақша ашылады. Қыркүйек айында «Құрамыс» және «Шұғыла» шағынаудандарында әрқайсысы 320 орынды тағы екі балабақшаның құрылысын аяқтау жоспарланған.

Ерболат Досаев алдыңғы кездесулерде «Шұғыла» ықшамауданында денешынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысын бастау жөніндегі берген уәдесін еске салды. Бұл жұмыстар осы жылдың шілде айында басталады, кешенді 2026 жылдың тамызында пайдалануға беріледі.

2026 жылы 3 денсаулық сақтау нысаны ашылады

Наурызбай ауданының тұрғындарымен кездесуде Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев медициналық қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын арттыру үшін емханалар мен алғашқы медициналық-санитарлық көмек орталықтарының (отбасылық-дәрігерлік амбулаториялар) желісін кеңейту туралы жақсы жаңалықтарымен бөлісті.

Үш ірі жобаны іске асыру тек бір жылда басталады деп жоспарланған. Бұл әрқайсысы «Құрамыс» және «Шұғыла» шағынаудандарында 500 келушіге арналған клиникалық-диагностикалық орталықтары бар емханалар, сондай-ақ «Ақжар» шағынауданында 200 келушіге арналған отбасылық-дәрігерлік амбулатория.

«Жаңа емханалар мен отбасылық-дәрігерлік амбулаторияларды салу кезінде алғашқы медициналық көмек көрсетудің бірыңғай стандартына сәйкес көрсетілетін қызметтердің жайлылығына, инклюзивтілігіне, қамтамасыз етудің технологиялылығына және сапасына баса назар аударылады, – деп атап өтті Ерболат Досаев.

Жүректен шыққан жылы лебіз

Наурызбай ауданы тұрғындарымен кездесу барысында халық Алматы әкіміне маңызды мәселені – «Тау самалы» шағынауданындағы көше жарығын орнату мәселесін шешкені үшін алғыс айтты.

– Сіз бұл мәселені қарастырамыз деп уәде бердіңіз. Бүгін көшеміздің тұрғындарының өтініші бойынша сізге алғыс айтуға келдім. Сұранысымызды назардан тыс қалдырмай, жұмысты орындағандарыңыз үшін рахмет. Қазір көшелер жарық, жүру қауіпсіз. Сізге және әкімдікке еңбектеріңіз үшін алғысымызды білдіреміз, мүмкіндігінше барлық мәселеміз шешіліп жатыр, – деді тұрғын.

Өз кезегінде шаһар басшысы Наурызбай ауданының қажеттілігіне ерекше назар аудару маңызды екенін атап өтті.

– Наурызбай ауданын ерекше жақсы көреміз, өйткені бұл қаланың ең жас ауданы, сондықтан біз оған ерекше көңіл бөлуіміз керек. Тұрғындар біздің жұмысымыздың сапасына риза болатын осындай кішігірім жеңістер көбейе берсін, – деді Ерболат Досаев.

ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУ МЕН БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ

20,3 мыңнан астам қызметкердің жалақысы өседі



Кеше Алматы қаласы мәслихатының кезекті XXVIII сессиясы өтті. Онда Алматының әлеуметтік қамсыздандыру және білім беру саласының 20,3 мыңнан астам қызметкерінің жалақысы ұлғаятыны айтылды. Яғни Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасымен 2025 жылы педагог-психологтарды қоса алғанда, әлеуметтік сала мен білім беру қызметкерлерінің жалақысы 30%-ға арттырылатын болады.

Ынталандырушы үстемақы

Алматы әкімдігі 2025 жылға арналған алғашқы нақтыланған бюджеттің жобасын енгізді. Жалпы, нақтыланған бюджет әлеуметтік бағдарланған күйінде қалып отыр. Әлеуметтік салаға арналған шығыстар 51,5 млрд теңгеден 945,8 млрд теңгеге дейін ұлғаяды, бұл бюджеттің жалпы шығыстарының 40%-ын құрайды. Бұл туралы Алматы қаласы әкімінің орынбасары Асқар Әмрин мәслихат сессиясында хабарлады.

«Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша бұл бюджет жобасы әлеуметтік қамсыздандыру және білім беру саласының әкімшілік және көмекші персоналына, оның ішінде педагог-психологтарға, сондай-ақ ведомстволық бағынысты әлеуметтік мекемелер қызметкерлеріне жалақыны 30%-ға арттыруды көздейді», – деді Асқар Әмрин.

Оның айтуынша, бухгалтерлер, кітапханашылар, психологтар, логопедтер, әлеуметтік қызметкерлер мен техникалық қызметкерлер жылдан-жылға төмен жалақыны сақтап келеді. Қызметкерлердің 20 314 санаты көтерумен қамтылатын болады.

Алматыда медициналық-әлеуметтік мекемелердің 1632 қызметкері алғаш рет қала әкімінің тапсырмасы бойынша ынталандырушы үстемақы алады.

Кеше өткен Алматы мәслихатының кезекті XXVIII сессиясында депутаттар медициналық персоналды қоспағанда, медициналық-әлеуметтік мекемелер қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларына 30% мөлшерінде

ынталандыру үстемелерін белгілеу туралы ұсынысты қолдады.

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Асқар Әмриннің айтуынша, атқарылатын функциялардың жоғары әлеуметтік маңыздылығына қарамастан, медициналық-әлеуметтік мекемелердің қызметкерлеріне еңбекақы төлеу деңгейі төмен болып қалуда. Мәселен, 7 жылдан 10 жылға дейінгі өтілі бар әлеуметтік қызметкердің жалақысы 240 мың теңгені, ұқсас өтілі бар психологтың жалақысы 170 мың теңгені құрайды.

«Әлеуметтік қызметкерлердің жалақысы төмен болғандықтан, жеке сектордың кәсібилігінің төмендеуінен және бәсекелестігінен туындаған әлеуметтік қызметкерлер арасынан білікті мамандардың кетуі байқалады. Бұл шараны іске асыру қызметкерлердің уәждемесін арттыруға, кадр құрамының тұрақтылығын қамтамасыз етуге, әлеуметтік саладағы жалақының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және халықтың мұқтаж осал санаттарына арнаулы әлеуметтік қызметтерді тиімді көрсету үшін жағдай жасауға мүмкіндік береді», – деп атап өтті Бауыржан Жаубасов.

Айта кетейік, Алматыда ерекше қажеттіліктері бар адамдарға, жалғыздікті қарттарға және өмірлік қиын жағдайға тап болған азаматтарға көмек көрсететін 13 әлеуметтік мекеме бар. Аталған мекемелерде 1950 қызметкер жұмыс істейді.

Қаржы көзі ұлғайды

Мәслихат сессиясында Алматыда медициналық мекемелердің ауқымды жаңғыртылуы жалғасатыны айтылды. Мәселен, Бостандық ауданында 500 адамға арналған жаңа заманауи емхана ашылады. Екі отбасылық-дәрігерлік амбулаторияның құрылысы шілде айында аяқталады.

Денсаулық сақтау саласын жетілдіруге қосымша 18,7 млрд теңге бөлінді. Бұл туралы Алматы қаржы басқармасының басшысы Қанат Сухамбеков айтты.

«Қалқаман» ықшамауданындағы №7 қалалық клиникалық аурухана мен Түркісіб ауданындағы №4 қалалық клиникалық аурухананы жаңғырту жұмыстары бастала-

ды. Жоба аясында емдеу корпустары жаңартылып, заманауи медициналық жабдықтар сатып алынады. Сондай-ақ, жаңа желдету және энергия үнемдеу жүйелері енгізіледі.

«Әсіресе, Бостандық ауданында 500 адамды қабылдай алатын жаңа емхананың құрылысын ерекше атап өткім келеді. Бұл аудан тұрғындары үшін сапалы медициналық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз етеді», – деді Қанат Сухамбеков.

Оның айтуынша, Алатау ауданының «Саялы» ықшамауданында және Түркісіб ауданындағы Айбасов көшесінде салынып жатқан отбасылық-дәрігерлік амбулаториялардың құрылысы аяқталуға жақын. Бұл нысандарды быыл шілде айында пайдалануға беру жоспарланып отыр.

Айта кетейік, Алматыда денсаулық сақтау саласына бөлінетін қаржы қала әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасымен медициналық инфрақұрылымды жаңғыртуға бағытталып отыр.

Еңбекақы еселенеді

Мәслихат сессиясында қалалық Білім басқармасының басшысы Сайран Сайфеденовтың баяндамасы да тыңдалды. Баяндама тікелей білім беру саласындағы қызметкерлердің еңбекақысын арттыру тақырыбына арналды. Бұдан бұрын қала әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша 18 911 қызметкерге ынталандыру үстемақысы түрінде еңбекақыны арттыру бойынша мәслихат шешімінің жобасы әзірленген болатын.

Жобаға сәйкес енді 5504 балабақша қызметкері, 10 833 – мектеп, 806 – интернат, 1008 – колледж, 430 қосымша білім беру ұйымы мен 62 «Алматы дарыны» және 268 балалардың психикалық денсаулығын тексеруді ұйымдастыру орталығының қызметкерлерінің жалақысына үстемақы қосылатын болады.

«Мемлекет басшысының Қазақстан халқына арнаған 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауында айтылған тапсырмаларды орындау мақсатында 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап білім беру мамандарының жекелеген санаттарының жалақысы жыл сайын артып келеді. Мәселен, мектеп директорының шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары, бухгалтерлер, кітапханашылар, инженерлер, іс жүргізушілер, менеджерлер, бағдарламашылар, техникалық персоналдардың жалақысы 2022 жылдан 2025 жылға дейінгі кезеңде орта есеппен 25%-ға дейін арты», – деді басқарма басшысы Сайран Сайфеденов баяндамасында.

Сонымен қатар, тиісті еңбекақы орындалатын жұмыстың күрделілігі мен ауырлығына қарай тағайындалып, лайықты өмір сүру деңгейін қамтамасыз етуге және қызметкерлердің әлеуметтік қажеттіліктерін ескеруге тиіс деген уәж айтылды. Білім беру ұйымдарындағы педагогтардың орташа жалақысы 531 770 теңгені құрайды, бұл еңбекақы төлеу жүйесінде теңгерімсіздік тудырады.

Осыған орай, әкімшілік және қосалқы персоналдың жалақысын 30%-ға арттыру (18 085) – 6,5 млрд теңге (9 айға). «Психологиялық қолдау орталығы» КММ қызметкерлеріне (46,5) – 20,9 млн теңге, орталық қызметкерлерінің жалақысы 99 782 теңгеден – 263 579 теңгені, ал психологтардың жалақысы 149 893 теңгені құрайтын болады.

Білім беру ұйымдарындағы педагог-психологтарға 30% – 277 млн теңгені, ал психологтың орташа жалақысы 159 627 теңгені құрайды. Бұл кадрлық құрамды нығайтып қана қоймай, қолайлы еңбек жағдайларын жасау үшін маңызды қадам.

Әзірлегендер Нұржамал ӘЛІШ, Рая ЕСКЕНДІР.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Зульфия УМАРОВА, «Жан-Сая» дағдарыс орталығының әлеуметтік қызметкері:

Кәсіпке деген құрмет

Әлеуметтік қызметкер ретінде Алматы қаласының әкімі бастамасымен еңбекақыны 30%-ға көтеру туралы қабылданған шешім үшін алғысымды білдіремін. Бұл – уақытылы және маңызды қолдау шарасы. Әлеуметтік сала мамандарының еңбегіне деген құрмет пен қоғам үшін маңызды қадам.

Біздің жұмысымыз қиын жағдайға тап болған жандармен үнемі байланыста болуды талап етеді. Тек кәсіби дағдыларды ғана емес, сонымен қатар сабыр мен жанашырлықты қажет етеді.

Жалақының көтерілуі – жай ғана материалдық қолдау емес, бұл біздің кәсібімізге деген құрметтің белгісі. Ол біз үшін қосымша ынталандыру болады. Мұндай бастама әлеуметтік қызметкер мамандығының беделін арттыруға ықпал етеді. Өз кезегінде біздің салаға жаңа білікті мамандарды тартуға көмектесіп, қаладағы әлеуметтік қызметтердің сапасын арттыруға септігін тигізеді.

Ляйла СМАНКУЛОВА №206 мектеп-гимназияның педагог-психологы:

Мектеп психологы – заман талабы

Мектеп психологының жұмысы тек оқушыларға ғана емес, бүкіл мектеп қауымдастығына пайда әкелетін маңызды сала. Сондықтан әрбір мектепте білікті психологтың болуы қазіргі кездің талабы. Бұған дейін мектеп психологтарының жалақысы өте төмен болғандықтан, бұл салаға жаңа мамандар келуге асықпайды. Көптеген жас психологтар мектепте жұмыс істеуге қызығушылық танытқанымен, еңбекақының аздығы мен жоғары жүктеме оларды басқа бағыттарға кетуге мәжбүрлеп келді.

Иә, егер мектеп психологының жалақысы айтарлықтай өссе, бұл жас мамандардың осы салаға келуіне оң әсер етуі мүмкін. Қазіргі кезде көптеген түлектер психологияға қызыққанымен, мектеп психологының еңбекақысы төмен болғандықтан, басқа салаларға кетіп жатады. Айталық, жеке практика, корпоративтік психология немесе HR дегендей. Егер мектептерде білікті психологтар жеткілікті болса, балалардың психикалық денсаулығы нығайып, олардың өмір сапасы жақсарар еді. Сондықтан бұл мамандыққа көбірек көңіл бөлініп, оның маңыздылығы жоғары деңгейде бағалануы тиіс.



«ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫ ЖЫЛЫ»

ЭНЕРГЕТИКА САЛАСЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛАР

Алматыда алғашқы автоматтандыру хакатоны өтті

Гұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетінде (АЭЖБУ) болашақ энергетика мамандарының қатысуымен Қазақстанда алғаш рет хакатон өтті.

Бұл бірегей шара университеттің 50 жылдық мерейтойына орай Central Asia Smart Projects компаниясымен бірлесіп ұйымдастырылды және «Жұмысшы мамандықтары жылы» аясында өткізілді.

Хакатон – студенттердің шығармашылық әлеуетін ашып, теориялық білімдерін тәжірибеде қолдануына арналған инновациялық алаң. Жарыстың басты мақсаты – болашақ инженерлерді энергетикалық жүйелерді автоматтандыру бағытында даярлау, атап айтқанда, АСКУЭ (автоматтандырылған есепке алу жүйелері) және SCADA (өндірістік бақылау жүйелері) технологиялары бойынша тәжірибелік дағдыларын жетілдіру.

Инновациялық жарысқа еліміздегі жетекші техникалық жоғары оқу орындары – Алматы энергетика және байланыс университеті (АЭЖБУ), Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті, Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті,

Торайғыров университетінің студенттері қатысты.

Жарыс барысында қатысушыларға нақты өндірістік жағдайларға негізделген тапсырмалар ұсынылды. Олар АСКУЭ мен SCADA жүйелеріне арналған жабдықтарды баптап, интеграциялау жұмыстарын жүргізді. Қатысушыларға небәрі 6 сағат уақыт берілді. Осы уақыт ішінде олар энергетикалық подстанцияның басқару жүйесін әзірлеп, компьютерлеріне шығару міндетін орындауы тиіс.

АЭЖБУ ректоры Ғани Нығметов хакатонның маңыздылығын атап өтіп, бұл ісшараның энергетика саласын дамытуда жаңа белес екенін айта келіп, университеттің студенттік стартаптарға ерекше көңіл бөлетінін және мұндай жобаларды қолдауды жалғастыратынын атап өтті.

– Бұл бастама – Қазақстандағы энергетика саласын автоматтандырудың жаңа белесі. Жастардың кәсіби өсуіне ықпал ететін компаниялардың автоматтандыру



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

бағытындағы ұйымдастырған іс-шарасы студенттерге нақты тәжірибе жинауға көмектеседі. Бізге Қазақстанның әр өңірінен техникалық мамандықтағы талантты жастар жиналды. Бұл болашақ инженерлер үшін үлкен мүмкіндік, жарысқа қатысушыларға сәттілік тілеймін, – деді университет басшысы.

Компания өкілдерінің айтуынша, бүгінде энергетикада цифрландырудың маңызы зор. Қолмен есеп жүргізудің орнына, автоматтандырылған жүйелермен жұмыс істеу заман талабы. Бұл үрдісті дамыту үшін білікті мамандар қажет, ал хакатон осындай мамандарды даярлаудың алғашқы қадамы болмақ.

– Біз Қазақстанда энергетиканы автоматтандырумен айналысамыз. Бұған дейін хакатондар көбіне IT саласында ұйымдастырылатын, ал энергетика бағытында мұндай іс-шаралар болмаған. Мемлекет басшысы 2025 жылды Жұмысшы мамандықтары жылы деп жариялағанын ескере отырып, бұл идеяны жүзеге асыру үшін энергетика және байланыс университетіне ұсыныс жасдық. Бұл Қазақстандағы ғана емес, мүмкін, әлемдегі алғашқы хакатон. Алдағы уақытта мұндай жарыстарды жыл сайын өткізіп, басқа жоғары оқу орындарында да ұйымдастыруды жоспарлап

отырмыз, – дейді «Central Asia Smart Projects» компаниясының директоры Саят Қаликов.

Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің 4-курс студенті, команда капитаны Мадияр Қошқарбаевтың айтуынша, энергетиктер заман талабына сай сұранысқа ие мамандық.

– Мен «Автоматтандыру және басқару» мамандығында оқимын. Қазір IT саласындағы мамандықтар өте жоғары сұранысқа ие. Сондықтан мамандық таңдауда жаңылған жоқпын деп ойлаймын. Ал бүгінгі сайыс біз үшін – алғашқы тәжірибе, – дейді ол.

Энергетика саласының инженері Мұрат Отарбаев хакатонды студенттер үшін үлкен мүмкіндік ретінде бағалады:

– Бұл жарыс – олардың төрт жыл бойы алған білімдерін тәжірибе жүзінде дәлелдеуге арналған шешуші кезең. Олар заманауи SCADA жүйелерімен жұмыс істеп, өндірістік желілерді басқаруды үйренуде. Болашақ инженерлерге жол ашқан хакатон енді жыл сайын өтетін маңызды іс-шараға айналуы әбден мүмкін, – дейді жас маман.

Жарыс қорытындысы бойынша әділқазылар жеңімпаздар мен жүлдегерлерге ақшалай сыйлықтар мен бағалы сыйлықтар табыстады.

САПАЛЫ ӘРІ ЖЕДЕЛ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТІЛЕДІ

Алматы қаласында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері Агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаменті жанындағы Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша ведомствоаралық жұмыс тобы (ВАЖТ) көшпелі отырыс өткізді.

Отырыстың негізгі мақсаты – автокөлік жүргізушілеріне арналған Мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталықтарының (ХҚКО) қызметін талдау және оны жетілдіру жолдарын қарастыру болды.

Жиынға ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментінің басшысы Шынарай Әлімхан, Алматы қаласы мәслихатының депутаты, Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы Алтынай Көбеева және ВАЖТ мүшелері қатысты. Жұмыс тобы «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының Алматы қаласы бойынша филиалы ұсынған ақпаратпен танысып, мамандандырылған ХҚКО-лардың жұмысы барысында туындайтын мәселелерді жан-жақты талқылады.

Жиын барысында қазіргі таңда елімізде мопедтерді тіркеу және оларды басқару ережелеріне қатысты енгізіліп жатқан өзгерістер де назарға алынды. 2025 жыл-

дың 5 сәуірінен бастап тіркелмеген мопедтерді басқаруға тыйым салынады. Осыған байланысты аталған мерзімге дейін мопед иелері өз көліктерін заңдастырып, қажетті жүргізуші куәлігін алуы тиіс. Жұмыс тобы осы мәселе бойынша атқарылып жатқан шаралармен танысып, оны халыққа кеңінен түсіндіру қажеттігін атап өтті.

Көшпелі отырыстың қорытындысы бойынша ВАЖТ «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының Алматы қаласы бойынша филиалына ХҚКО қызметтері туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейтіп, мүгедктігі бар азаматтарға қолайлы жағдай жасау, теориялық емтихан тапсыратын компьютерлердің санын көбейту, мамандандырылған ХҚКО-ларда медициналық тексеру мекемелерінің санын көбейту мүмкіндігін қарастыру секілді бірқатар нақты ұсыныстар берді.



Айта кетейік, жұмыс тобы мамандандырылған ХҚКО қызметін жақсарту халыққа сапалы әрі жедел қызмет көрсетудің негізгі тетігі екенін атап өтті. Алдағы уақытта бұл ұсыныстардың жүзеге асыру-

луы қала тұрғындарының қызмет алу процесін айтарлықтай жеңілдетуге мүмкіндік береді.

**Бетті әзірлеген
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.**



ҰЛТ ЖАДЫНДАҒЫ ҰЛЫҚ МЕРЕКЕ

Наурыз – Таяу Шығыс, Орталық Азия және Кавказ халықтары кеңінен тойлайтын көктем мерекесі. Ғалымдар бұл мейрамның тарихын 5000 жылдан асады деп есептейді. Оның басты ерекшелігі – табиғаттың жаңаруымен, күн мен түннің теңелуімен тікелей байланысты.



быс, тыныштық, амандық, молшылық және ұзақ ғұмыр тілейді.

Жоғалып бара жатқан Наурыз дәстүрлері

Тарихшылар Наурыздың кейбір символикалық рәсімдері ұмытылып бара жатқанын айтады. Мысалы, «Жерді тыңдау» дәстүрінде ақсақалдар таңсәріде жерге құлақ қойып, оның жылылығын тексерген. Жер жылы болса, егін мол болады деп болжаған.

«Өмір сыйы» дәстүрінде малды, құсты босату ырымы жасалған. Бұл – жаңа жылда жақсылық көбейсін деген сенімнің көрінісі.

Ал «Жұлдыздарға қарау» нанымна сәйкес, Наурыз түні жастар аспанға қарап, өз шоқжұлдызын іздеген. Егер тапса, сол жылы өмірлік жарын жолықтырады деген түсінік болған.

Наурыз – халықтың жадында

Ғасырлар өтсе де, Наурыз өзінің басты құндылықтарын сақтап қалды. Тұтас түркі халықтарына ортақ Наурыз дәстүрлері бүгінге дейін жетті. Мерекелік дастархан – Наурыз көже, бауырсақ, айран, қымыз, шұбат қойылады.

● **Көкшетаудағы** Красный Яр ауылында «Наурыз» көшесі бар.

● **Таразда** бұрынғы «Жеміс көшесі» енді «Наурызгүл» деп аталады.

● **Семейде** де Наурыз атауымен аталатын көше бар.

Сондай-ақ, елде көптеген мектептер, балабақшалар мен мәдени орталықтар «Наурыз» атауын иеленген. Ол да болса халықтың мерекеге деген құрметі мен ықыласын білдірсе керек.

«Наурыз мейрамы» кешені (Астана)

Қазақстан астанасында «Наурыз мейрамы» атты ірі мәдени кешен бар. Мұнда наурызға арналған ауқымды іс-шаралар, соның ішінде концерттер, жәрмеңкелер мен спорттық жарыстар өткізіледі. Кешен Қазақстанның бірлігі мен мәдени байлығының символына айналып отыр.

«Наурызбай батыр» көшесі (Алматы)

Алматыда Наурыз көшесі ғана емес, патриотизмнің символына айналған Наурызбай батырдың ескерткіші де бар. Оның жанында ұлттық дәстүрлерге арналған іс-шаралар өткізілетін мәдени орталық орналасқан.

Наурызға қатысты есімдер

Ұлттық статистика бюросының деректеріне сүйенсек, елімізде Наурыз сөзіне байланысты есімдер жиі кездеседі:

- **3206 адам – Наурызбек;**
- **2940 адам – Наурызбай;**
- **1453 адам – Наурыз;**
- **272 адам – Наурызхан;**
- **241 адам – Наурызгүл;**
- **51 адам – Наурызжан;**
- **1 адам – Наурыз-Мейрам.**

Мыңдаған жылдар өтсе де, Наурыз өзінің халық жадында мәңгі сақталатынын айқын көрсетті. Ол табиғат ғана емес, адамзаттың да жаңаруын білдіреді. Бұл мейрам бізге өткен бір жылды қорытындылап, болашаққа жаңа жоспар құру мүмкіндігін беретіндей. Жақсылық пен бірліктің, ізгіліктің жаршысы болған мерекеміз құтты болсын!

НАУРЫЗНАМА ОНКҮНДІГІ

ҰЛТТЫҚ КИІМ КҮНІНЕ ТАРТУ

Мемлекеттік қуыршақ театры ерекше бағдарлама ұсынды

18 наурыз – «Наурызнама онкүндігіндегі» Ұлттық киім күні. Мемлекеттік қуыршақ театры бұл ерекше күнге орай жас көрермендерге тартымды мәдени бағдарлама ұсынды. Халқымыздың ұлттық киімі мен дәстүрін, қолөнері мен мәдениетін насихаттаудың мұндай әдісі көрерменнің көңілінен шықты. Театр залында «Ұлттық киім – ұлттық мұра» атты көрме ашылып, ұлттық киім үлгілері, ұлттық нақыштағы қуыршақтар мен сәндік әшекейлер ұсынылды. Басты мақсаты – жас ұрпақтың ұлттық құндылықтарға қызығушылығын арттырып, мәдени мұраға деген құрметін жоғарылатуды көздейді.



Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

Балалар халқымыздың сәндік өнерімен, дәстүрлі ою-өрнектерімен танысып, ұлттық киімдердің ерекшелігін тамашалады.

«Наурыз құпиясы» – танымдық спектакль

Ерекше көрмемен қатар театр өзінің жас көрермендеріне «Наурыз құпиясы» атты қойылым ұсынды. Бұл спектакль Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев бекіткен «Наурызнама» тұжырымдамасы негізінде әзірленген.

Онда мифологиялық кейіпкерлер – Қыдыр ата, Күн мен Түн, сондай-ақ шығыс

күнтізбесіндегі жыл иелерінің образы сомдалды. Жарқын образдар, қызықты сюжет пен интерактивті элементтер балалар үшін ерекше әсерлі әрі танымдық мәнге ие болды.

«Бүгінгі мерекеге арнайы *«Жыл, он екі ай» қойылымын сахналадық. Әр кейіпкердің ерекшелігін ашып, көрерменге түсінікті әрі тартымды етіп жеткізуге тырыстық. Балаларға қызықты әрі жеңіл қабылданатын қойылым әзірледік деп ойлаймын*», – дейді спектакль жайында қойылым режиссері әрі театр әртісі Шохан Құлназаров.

Мемлекеттік қуыршақ театрының Ұлттық киім күніне арнаған мәдени іс-шарасы жеткіншек көрерменге халқымыздың бай рухани әлеміне тереңірек сүңгіп, мол әсер алуына мүмкіндік берді.





«НАУРЫЗ ЖҰМЫСКЕР»:

Қарапайым еңбек адамдарына баспана алу жеңілдеді



«Наурыз» ипотекасы қанша адамды баспанамен қамтиды?

«Отбасы банк» АҚ Алматы қалалық филиалының директоры Данагүл Түсіпова-ның айтуынша, өткен жылы «Наурыз» бен «Отау» бағдарламалары аясында 10 мыңнан астам азамат өз баспанасына қол жеткізді. Ал биылғы жылы осы бағдарлама бойынша 7-8 мың адамды тұрғын үймен қамтамасыз ету жоспарланып отыр. Сондай-ақ, 2025 жыл жұмысшы мамандықтар жылы болып жарияланғандықтан, осы саладағы еңбек адамдарына арнап «Наурыз жұмыскер» бағдарламасы іске қосылды. Оның аясында 2400 2440 адам баспаналы болмақ. Бұл бағдарламаларға мемлекет пен Отбасы банктік бюджеттен айтарлықтай қаржы бөлініп отыр. «Наурыз» бағдарламасы үшін 200 миллиард теңге қарастырылса, «Наурыз жұмыскер» бағдарламасына 72 миллиард теңге бөлінген.

Алғашқы жарна төмендетілді

«Наурыз» ипотекасының басты артықшылығы – алғашқы жарнаның төмендігі, пайыздық мөлшерлеменің қолайлы болуы және несие рәсімдеудің жеңілдетілген шарттары. Егер өткен жылы бұл бағдарламаға қатысу үшін алғашқы жарна 20 пайызды құраса, биыл таза әрлеудегі бастапқы тұрғын үй сатып алу кезінде ол 10 пайызға дейін төмендетілді. Бұл өзгеріс, әсіресе, жастар мен жаңа отбасылар үшін үлкен жеңілдік болып отыр. Ал әрленбеген бастапқы тұрғын үй немесе қайталама нарықтағы тұрғын үй (моноқалалар мен ауылдық елдімекендерде) сатып алу кезінде бастапқы жарна 20%-дан басталады. Несие сомасы Алматы мен Астана қалаларында 36 миллион теңгеге дейін, ал басқа өңірлерде 30 миллион теңгеге дейін беріледі. Бұл қаражат арқылы бірінші нарықтағы жаңа салынған үйлерден пәтер сатып алуға мүмкіндік бар. Ауылдық жерлер мен шағын қалаларда екінші нарықтағы баспаналарды да қарастыруға рұқсат етілген.

Бағдарламаға қатысу үшін басты талаптардың бірі – өтініш берушінің және оның отбасы мүшелерінің соңғы бес жылда атына тіркелген жылжымайтын мүлкі болмауы тиіс. Сонымен қатар, несие төлеу қабілеттілігі де ескеріледі. Бұл талаптар алғашқы баспана алушыларға ерекше басымдық береді. Данагүл Түсіпова атап өткендей, бұл бастама тек тұрғын үй мәселесін шешіп қана қоймай, құрылыс саласын ынталандыруға да ықпал етпек.

Дәнекерлеуші де, механик те үйлі бола алады

Жаңа қосылған «Наурыз жұмыскер» бағдарламасы жұмысшы мамандық ие-

Қазақстанда тұрғын үй мәселесі әрдайым күн тәртібінен түскен емес. Әсіресе, қолжетімді баспананың тапшылығы мен ипотекалық бағдарламалардың тиімділігі халық үшін маңызды факторлардың бірі болып қала бермек. Осы орайда, өткен жылы бастау алған «Наурыз» ипотекалық бағдарламасы көптеген қазақстандықтарға баспаналы болуға мүмкіндік берді. Биыл бұл жоба жалғасын тауып, оған қосымша «Наурыз жұмыскер» деп аталатын жаңа бағдарлама іске қосылды. Осылайша жұмысшы мамандық иелеріне баспана алуға жаңа мүмкіндік берілді.

лері үшін үлкен мүмкіндік. Қазіргі таңда ауыр салада еңбек ететін мамандардың көбінің тұрақты табысы болғанымен, ипотекалық несие алуға мүмкіндігі шектеулі. Сондықтан мемлекет осы азаматтарға арнайы жеңілдетілген бағдарлама ұсынды қолға алды. Бұл жоба арқылы өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, құрылыс, су энергетикасы, энергетика, көлік және логистика саласында жұмыс істейтін мамандар баспана алуға жеңілдетілген мүмкіндікке ие бола алады. Яғни дәнекерлеуші, слесарь, механик, маляр, жүргізуші және басқа да техникалық мамандар осы бағдарламаға қатыса алады. Ал осы салада жұмыс істейтін әкімшілік қызметкерлер, бухгалтерлер мен кеңсе қызметкерлері бұл бағдарламаға ілікпейді.

«Баспана маркет» арқылы пәтер таңдай аласыз

«Наурыз жұмыскер» бағдарламасына қатысушылар үшін бастапқы жарна – таза әрлеудегі бастапқы тұрғын үй сатып алу кезінде 10%-дан, әрленбеген бастапқы тұрғын үй немесе қайталама нарықтағы тұрғын үй (моноқалалар мен ауылдық елдімекендерде) сатып алу кезінде 20%-дан бастап алғашқы жарна 10 пайызды құрайды, ал несие мөлшерлемесі 7–9 пайыз көлемінде белгіленген. Егер өтініш беруші әкімдікте баспана кезегінде тұрған әлеуметтік осал топтардың өкілі болса, оған 7 пайыздық (ЖТСМ 7,1%-дан 9,6%-ға дейін) мөлшерлеме ұсынылады. Басқа азаматтар үшін 9 пайыздық (ЖТСМ 9,4%-дан 13%-ға дейін) несие қарастырылған. Бағдарламаға қатысу үшін өтініш берушінің жеке басында және отбасы мүшелерінің атында жылжымайтын мүлік тіркелмеуі қажет. Сонымен қатар, «Отбасы банк» депозитінде кемінде 2 миллион

теңге жинақталған болуы шарт. Бұл талаптардың барлығы несие алушылардың қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін енгізілген.

Қаржылық жүктемені азайту мақсатында алғашқы жарнаның төмендеуі маңызды қадамдардың бірі болды. Егер азамат 36 миллион теңге көлемінде несие алса, оған қажет алғашқы жарна 3,6 миллион теңге болады. Өткен жылы бұл көрсеткіш 7,2 миллион теңгені құраған еді. Данагүл Түсіпова «Отбасы банк» іске қосқан «Баспана маркет» жүйесінің де маңыздылығын атап өтті. Бұл онлайн-платформа арқылы қатысушылар 6 ай ішінде өздеріне ұнаған пәтерді таңдап, рәсімдей алады. Құрылыс компаниялары бұл жүйеге өз пәтерлерін енгізіп, банк клиенттері үшін жылжымайтын мүлік іздеу процесін жеңілдетеді.

Еңбек адамы баспанасыз қалмайды

Бағдарламаның әлеуметтік маңызы зор. Біріншіден, бұл бастамалар баспанасыз жүрген азаматтарға нақты көмек көрсетуді мақсат етеді. Екіншіден, құрылыс саласының дамуына оң әсер етеді. Үшіншіден, жұмысшы мамандықтарының мәртебесін арттыруға септігін тигізеді. Мемлекет бұл жобалар арқылы тұрғын үйге мұқтаж халықтың мәселесін шешуге басымдық беріп отыр. Данагүл Түсіпованың айтуынша, өткен жылы «Наурыз» бағдарламасы арқылы 10 мың отбасы жаңа

ТҮЙІН: Тұрғын үй мәселесін шешу – әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етудің негізгі факторларының бірі. Осы тұрғыдан алғанда, «Наурыз» және «Наурыз жұмыскер» бағдарламалары азаматтарға нақты көмек көрсетудің тиімді тетігіне айналуда. Бұл бастамалар жастардың, жұмысшы мамандық иелерінің және әлеуметтік осал топтардың тұрғын үйге қол жеткізуін жеңілдетіп қана қоймай, құрылыс саласының дамуына да оң әсер етпек. Мемлекет тарапынан жасалып жатқан мұндай бағдарламалар азаматтарға өз шаңырағын тігуге үлкен мүмкіндік береді.

С.АНАРБАЙ.

Кімдер қатыса алады?

- Өнеркәсіп саласының мамандары.
- Ауыл шаруашылығы қызметкерлері.
- Су энергетикасы және энергетика саласының жұмысшылары.
- Көлік және логистика саласындағы техникалық мамандар.
- Құрылысшылар, дәнекерлеушілер, механиктер, слесарьлар және басқа да техникалық мамандар.

Шарттары қандай?

- Алғашқы жарна – таза әрлеудегі бастапқы тұрғын үй сатып алу кезінде 10%-дан, әрленбеген бастапқы тұрғын үй немесе қайталама нарықтағы тұрғын үй (моноқалалар мен ауылдық елдімекендерде) сатып алу кезінде 20%-дан бастап, 10 пайыз.
- Несие мөлшерлемесі – 7–9 пайыз (ЖТСМ 7,1%-дан 9,6%-ға дейін және ЖТСМ 9,4%-дан 13%-ға дейін).
- Жеке басында және отбасы мүшелерінің атында баспана болмауы керек.
- «Отбасы банк» депозитінде кемінде 2 миллион теңге жинақталған болуы тиіс.

Мемлекет бұл Бағдарламаларға үлкен қаржы бөліп отыр:

- «Наурыз» бағдарламасына – 200 миллиард теңге.
- «Наурыз жұмыскер» бағдарламасына – 72 миллиард теңге.

баспанаға қол жеткізсе, биыл бұл көрсеткіш 7-8 мыңға жуық отбасы жаңа баспанаға қол жеткізеді деп жоспарланған. Ал «Наурыз жұмыскер» бағдарламасы қосымша 2400 2440 азаматқа тұрғын үй сатып алу мүмкіндігін ұсынбақ.



МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДА

Әз-Наурыз Алматыда қалай тойланады?

Алматы қаласы әкімінің баспасөз орталығы шаһарымызда Наурыз мерекесіне арналған іс-шаралар өтетін орындарды нақтылап отыр. Жалпы, Алматыда Наурызнама аясында 100-ден астам іс-шара өтеді. Әз-Наурыз мерекесі күндері ашық аспан астындағы концерттер, спорттық жарыстар, жәрмеңкелер мен басқа да бағдарламалар «Көктөбе» саябағында, Абай алаңында, Панфилов жаяу жүргіншілер көшесінде, Арбатта және Астана алаңында өтетін болады.

Наурыз мерекесіне арналған мерекелік іс-шаралар шаһардың барлық ауданында ұйымдастырылады. Қала театрлары мен цирк әртістері қайырымдылық қойылым ұсынса, ірі концерт залдарында қазақстандық және шетелдік жұлдыздар өнер көрсетеді.

Астана алаңы

21 наурызда, сағат 11.00-де Астана алаңында «Алматы – Наурыз құшағында» атты негізгі салтанатты мерекелік концертпен басталады. Сахнада әйгілі «Дос-Мұқасан» ансамблі, Майра Мұхамедқызы, Жанар Айжанова, Өмірқұл Айниязов, Жазира Байырбекова, Игорь Благородный, Төлеген Рахымбаев, «КешYou» тобы, Диная, АуаFunk және басқа да жұлдыздар өнер көрсетеді.

«Алатау» дәстүрлі өнер театрының және «Жаңа ғасыр» театрының әртістері, «Алматы әуендерінің» солистері, «Сазген сазы» фольклорлы-этнографиялық ансамблі де концерттік бағдарлама ұсынады.

21-22 наурыз күндері сағат 18.00-де осы алаңда танымал әншілер қатысатын екі күндік Juldzydy Almaty кешкі фестивалі өтеді.

Астана алаңында спорттық ойындар, қолөнер жәрмеңкесі және отбасы мүшелерімен қатысып, қызықтайтын басқа да іс-шаралар ұйымдастырылады. Мұнда мерекелік көңіл күй сыйлайтын түрлі фотозоналар мен арт-нысандар да қойылады.

Абай алаңы

21–25 наурыз күндері сағат 10.00-ден 16.00-ге дейін Абай алаңында мәдени мұра мен заманауи технологияны біріктіретін «NauryzFest» фестивалі өтеді.

Бұл күндері Республика сарайының алдында ерекше безендірілген киіз үйлер тігіліп, мұндағы «Рухани мұра» киіз үйінде Абай, Жамбыл және Дина ойнаған музыкалық аспаптардың көшірмесі қойылып, олардың шығармалары орындалады. Қонақтар мен қала тұр-



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ғындары «Алматыға саяхат» атты киіз үйде қаланың көрікті жерлерін виртуалды форматта тамашалай алады. Сондай-ақ, шебер Марат Бексұлтановтың небәрі 20 минут ішінде құрастыруға болатын «Инновациялық киіз үйі» қойылады.

Абай алаңында алтыбақан қойылып, ұлттық ойындар мен түрлі жарыстар өткізіледі. Бұдан бөлек, Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған арт-нысандар бой көтереді. 21-22 наурыз күндері кешкі уақытта алаңда өтетін концертке белгілі әншілер қатысады. Фестиваль аясында бірнеше күн бойы ауқымды қолөнер жәрмеңкесі жұмыс істейді. Қонақтар ағаш ою, зергерлік бұйым жасау, былғары өңдеу және киіз басу өнерін тамашалайды. Киіз үйлерде шеберлік дәрістері ұйымдастырылып, қонақтар тоқыма тоқу, ұлттық ою-өрнекпен әшекей бұйымдар дайындау және қазақтың дәс-

түрлі музыкалық аспаптарын жасау өнерін үйренуіне болады.

Виртуалды әлемге келіңіз!

Биыл да Панфилов жаяу жүргіншілер көшесі (Қабанбай батыр көшесінен Төле би көшесіне дейін) мәдени кеңістікке айналмақшы. Кіреберісте ерекше әсер беретін LED-экраны бар арка қойылып, Ғалымжан атты виртуалды аватар мерекелік бағдарламасы туралы баяндайды.

Бұл әлем несімен ерекше? Қала тұрғындары мультимедиялық қондырғыдан өзінің ұлттық киімдегі бейнесін көре алады. Сонымен қатар, цифрлық субұрқақта жүрекжарды лебізін жолдап, VR арқылы ежелгі дәуірге саяхат жасайды. Сіз садақ ату сайысына қатысып, виртуалды шайқасты тамашалап, Наурыздың тарихымен таныса аласыз. Сонымен қатар, бұл алаңда кинетикалық туннель орнатылып, ұлттық ою-өрнектер қонақтардың қимылына сай қозғалатын болады. Гастрономиялық аймақта робот даяшылар, аспаздар мен баристалар жұмыс істейді. Дәл осы аймақта интеллектуалдық «Ой-думан» ойынына қатысып, Наурыз туралы өз біліміңізді тексеруге мүмкіндік туады. Сондай-ақ, Панфилов көшесінде «Ғарыштық киіз үй» қайта өңделген материалдардан жасалған арт-инсталляциялар мен қазақстандық инженерлер әзірлеген робототехника көрмесі жұмыс істейді. Бұл алаң 21 және 22 наурызда жұмыс істейді.

Кітап жәрмеңкесі, ұлттық ойындар

21–25 наурыз күндері Алматының Арбатында «Наурыз тойы – мерекем, салт-дәстүрім – берекем» атты ірі кітап жәрмеңкесі өтеді. Қонақтар жазушылармен, публицистермен кездесіп,

ақындар мен дәстүрлі өнер шеберлерінің өнерін тамашалай алады. Жаяу жүргіншілер аймағында шатыр орнатылып, шеберлік дәрістері, ұлттық ойындар бойынша турнирлер және көрсетілімдер ұйымдастырылады.

Абай әнін 5000 адам орындайды

22 наурыз сағат 9.30-да Алматыда Наурыз мейрамы мен ұлы Абай Құнанбаевтың 180 жылдығына орай ақынның әндерін орындау бойынша ауқымды хор перформансы өтеді. Оған белгілі солистер, Б.Байқадамов атындағы мемлекеттік хор капелласының әртістері, музыкалық оқу орындарының студенттері және қала тұрғындары, жалпы саны 5 мыңнан аса адам қатысады. Олар Абай даңғылы бойында жиналып, «Көзімнің қарасы», «Желсіз түнде жарық ай» және «Айттым сәлем, Қаламқас» әндерін орындайды. Іс-шара Абай даңғылы бойында (Назарбаев пен Достық даңғылдарының арасында) өтеді.

«Бұл перформанс жаңару мен бірліктің символына айналып, қаланы ұлттық мұра рухына бөлейді. Мыңдаған қатысушының дауысы үйлесім тауып, қазақ мәдениетінің рухани қуатын бейнелейтін ерекше музыкалық туынды туырады. Бұл іс-шара рекордтар кітабына енуі мүмкін», – дейді әкімдік өкілдері.

Түркі әлемінің танымал жұлдыздары

22 наурыз күні сағат 20.00-де «Almaty Arena» сахнасында «Түркі әлемінің мега жұлдыздары» концерті өтеді. Оған Sadraddin, Mustafa Sandal, Roza Zengerli, Алексей Чумаков, Burak Özçivit және «Tynda Music» оркестрі қатысады.

20–25 наурыз аралығында метро бекеттерде музыкалық перформанстар мен музей көрмелері өтеді.

Сондай-ақ, қалада Наурызнама күнтізбесіндегі әр күннің идеологиясы мен мәнін көрсететін бірқатар тақырыптық іс-шара өтеді. Бағдарламада сенбіліктер, қайырымдылық акциялары, қойылымдар, ойындар және түрлі іс-шара бар. Толық кесте Алматы қаласы әкімдігінің сайтында жарияланған.

Бетті әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР



Тұсау кесу рәсімі. (Сурет: Алматы қаласының әкімдігі).



СӘН ӘЛЕМІ

Алматының Арбатында ұйымдастырылған Nauryz Fashion Day іс-шарасында үкілі тақия, бүрмелі көйлек, оюлы қамзол киген көркем қыздар, ақ кимешекті асыл әжелер және бөрік, шапаны жарасқан ер-азаматтар бүгінгі Ұлттық киім күніне құрмет білдіріп, сән көрсетіліміне қатысты.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

АРБАТТА ҰЛТТЫҚ КИІМДЕР ШЕРУ ТАРТТЫ



Арбат көшесіне төселген қызыл кілем үстімен белгілі дизайнер Раушан Әнуарбекованың «Әлемді таңқалдырған қазақ әжелері» жобасының қатысушылары, яғни отандық һәм шетелдік подиумдарды ұлттық киімдерімізбен бағындырып жүрген әдемі әжелер, «Қазақстан аруы» байқауының сұлу финалистері сән-салтанатпен жүріп өтті.

Осы орайда айта кетейік, Nauryz Fashion Day төріне шыққан алматылық әжелер бұрын Миланда сән апталығының ашылуында өнер көрсеткен. Енді Нью-Йорк пен Париждегі Fashion Week-ке қатысуды жоспарлап отыр.

Ашық аспан астында ұлттық киіммен жарқырап шыққан қатысушылардың қатарына қаланың этностильде киінген тұрғын-

дары да келіп қосылды. Иә, қызыл кілем үстімен жүріп өтуге бүгін Ұлттық киім күніне құрметім деп, қыдыруға қазақы киімін арнайы киіп шыққан қарапайым тұрғындарға да мүмкіндік берілді. Олар да өздерін бір сәт жұлдыз сезініп, подиумға көтеріліп, қол бұлғап, көптің қошеметіне бөленді.

Қызыл кілеммен сән-салтанаты келіскен «Алатау» дәстүрлі өнер театрының жұлдыздары, Алматы музейлер бірлестігінің қызметкерлері, Алматы мемлекеттік қуыршақ театрының ұжымы, алматылық кітапханашылар, Алматы хайуанаттар паркінің еңбеккерлері де жүріп өтті. Сөйтіп, әсем Арбаттың айналасы бекзат әлемге бөленді.

Мәдени іс-шара кезінде жиналған қауымға ұлттық киімдер туралы виктори-

налық сұрақтар қойылып, дұрыс жауап берген жеңімпаздарға Алматы музейіне тегін билет ұсынылды.

– «Ең әдемі киім – ұлтыңның киімі» деген. Мен бұрын «Бұрымды қыздар», «Қыз сыны», «Келіндер сайысы» секілді байқауларды жиі ұйымдастыратынмын. Сол күндер еске оралып тұр. Ол тұста қамзол, кәжекей дегенді тек мерекелерде, әлгіндей байқаулар үшін ғана киетін едік. Қазір жекелеген мекемелер қызметкерлерінің ресми жұмыс орнында наурыз бойы киіп отыратынын көріп жүрмін. Күнделікті өмірде де ұлттық киім кие бастағанымызға қуаныштымын, – дейді алматылық зейнеткер-педагог, қоғам белсендісі Раиса Қалдыбайқызы.

ҚАЗАҚЫ ҚАЛЫБЫМ

ЖЫЛ БОЙЫ

ұлттық киім киюді дәстүрге айналдырған мектеп

Жетісу ауданындағы №2 жалпы білім беретін мектеп оқушылары әр аптаның дүйсенбі, сәрсенбі және жұмасында ұлттық киім киюді дәстүрге айналдырған.

Былтыр аптаның екі күнінде ғана киетін. Биылдан бастап оқушылар сабақта үш күн ұлттық киіммен, ал екі күн мектеп формасымен отырады. Көрген адамның көзі тоятын ұлттық нақыштағы киімдерді кию бастамасын мектеп директоры Сәуле Алтыбаева былтыр елімізде Ұлттық киім күні 18 наурыз деп жарияланған күннен бастап көтерген екен. Мұғалімдер де солай, аптаның үш күнінде қазақы ою-өрнекпен көмкерілген, заманауи үлгіде тігілген қамзол, кәжекейлерін киіп сабақ береді. Тақта алдында тұрған ұстаз бен әр сыныптағы отыз шақты бала осылай ұлттық киіммен үндестік құрып тұратыны қандай ғажап!

Ұлттық нақыштағы киімдерді көпке дәріптеп жүрген №2 жалпы білім беретін мектепте 468 бала бар, олардың 152-сі бастауыш сыныптардың оқушысы.

– Былтыр мектеп директоры Сәуле Мелдешқызы осы ұлттық форманы реттеу үшін сыныптар арасында «Үздік сынып» байқауын жариялап, форма сақтаған,



сабақтан қалмаған сыныпқа өз қалтасынан ақшалай сый бергені бар. Содан бері ұлттық киім киіп келу бір ізге түсті. «Тәрбие мен білім – егіз» демекші, әрине, бізге ата-аналар үлкен қолдау көрсетті. Киімдерді тіктіру, оюлы киімдерді таңдау кезінде

ата-аналардың да талғамын ескердік. Біз Отанын сүйетін, ұлтын, оның салт-дәстүрін қадірлейтін, әдепті, тәрбиелі шәкірт тәрбиелеп жатқанымызды мақтан етеміз, – дейді қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Жанат Үмбетова.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ЖАС БУЫН ЛЕБІЗІ

Динара АЙБЕК,
5-сынып оқушысы:

– Маған ұлттық киім киіп жүрген ұнайды. Сыныпта бәріміз бірдей киінеміз. Қолайлы. Бізді өзгелерден ерекшелендіріп тұратын да осы өзіміздің ұлттық киіміміз.

Аслан АБДУЛЛА,
7-сынып оқушысы:

– Наурыз мейрамын тойлатуға Кеңес өкіметі тыйым салынғанын естіп, қатты таңқалғаным бар. Наурыз – үлкен-кішіні бір-біріне жақындастыратын, бір-біріне жақсы тілегін жеткізуге дәнекер бола алатын ұлық мереке деп білемін. Бұл күні адамдар бір-бірімен ренжіспеуге, үйлеріне қонаққа шақырып, барлық дәмдісін мейманының алдына қоюға тырысады деп ойлаймын.

Шұғыла ҚАДЫР,
10-сынып оқушысы:

– Бұл мейрамда аталар батасын беріп, жастар қолын жайып, құрмет білдіреді. Наурызда адамгершілік пен қайырымдылық басты орын алады. Мұқтаж жандарға көмек көрсетіліп, жетім-жесірлерге қамқорлық жасалады. Демек, Наурыз – тек табиғаттың ғана емес, рухани құндылықтардың да жаңғыру мерекесі.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШ.

«ЖАҢАРУ КҮНІ»

Алатау ауданында 150 ағаш отырғызылды

Алматыдағы абаттандыру жұмыстарына «Жаңару күні» ерекше қарқын қосты. Осы күнге орай Алатау ауданының «Дархан» ықшамауданында 150 ағаш отырғызылды. Игі іске аудан әкімдігі, еріктілер мен белсенді тұрғындар атсалысты.

Ернұр РЫСБАЙ

Аудандық Көріктендіру бөлімінің бас маманы Мадияр Абуевтің айтуынша, бұл – кешенді көгалдандырудың алғашқы қадамы.

– Наурыз мерекесіне орай осы жерге жөке мен шаған ағаштары егілді. Алдағы екі айда тағы 500 түп көшет отырғызу жоспарланып отыр. Бұрын бұл аумақ қараусыз қалып, бей-берекет қоқыс алаңына айналған еді. Біз мұнда тұрақты түрде сенбіліктер ұйымдастырып, тазалық жұмыстарын жүргізіп келеміз. Көгалдандыру – экологияны жақсартудың ең тиімді жолдарының бірі, – деді ол.

«Дархан» ықшамауданының тұрғыны Дина Сармантаеваның айтуынша, аумақ халық қатысатын бюджет жобасы аясында тіпті де көрікті бола түспек.

– Бұрын бұл жер қараусыз, қоқыстар үйілген аумақ еді. Енді ол балалар үшін таза әрі жайлы ойын алаңына айналғалы отыр. Жақында мұнда балалар алаңы салынады, бұл тұрғындарды қуантып жатыр, – дейді игі іс барысында.

Алатау ауданында биыл 3000-ға жуық ағаш отырғызу жоспарланған. Бұл жұмысқа аудан әкімдігі мен мердігер ұйымдардан бөлек, жастар да белсенді қатысуда. Көріктендіру бөлімінің бас маманы үдерістің қалай жүріп жатқанын түсіндірді:

– Өткен жылы аудан бойынша 65 мың ағаш отырғызылса, оның 5000-ы қылқан жапырақты және жапырақты ағаштар болатын. Биыл бұл көрсеткіш арта түседі деп үтілуде, – деді М.Абуев.

Жақын арада көшеттер Райымбек даңғылы, Момышұлы көшесі және Рысқұлов даңғылы бойындағы бос жерлерге де отырғызылмақ. Қаланы көгалдандыру әкімдік қана емес, қала тұрғындарының да қолдауымен жүзеге аспақ.

Экологияны жақсарту – әр азаматтың жауапкершілігі. Алматыны көркейтуге үлес қосқысы келетін кез келген адам осындай бастамаларға қатыса алады.



ЖАҚСЫЛЫҚ НЫШАНЫ

С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінде «Алматы – біздің ортақ үйіміз» экологиялық акциясы өтті.

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Табиғаттың, тіршіліктің және рухани жаңарудың символы Наурыз мерекесі тек той-думанмен ғана емес, ел игілігіне арналған игі істермен де жалғасып жатыр.

Қазақ ұлттық медицина университетінің басшылығы, профессорлық-оқытушылық құрамы және студенттері «Жаңару күні» білім ордасының айналасын тазалап, сенбілік өткізді. Бұл іс-шара қалада өткізіліп жатқан «Алматы – біздің ортақ үйіміз» экологиялық науқаны аясында ұйымдастырылып отыр.

Болашақ дәрігерлер оқу орны аумағын тазалауға айрықша ынталы кірісті. Бұл іс-шара студенттер арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыруға, туған жерге деген сүйіспеншілікті арттыруға және жауапкершілікті сезінуге үлкен ықпал етеді. Білім алушыларды қолдау және дамыту департаментінің басшысы Шермет

АҒАШ ОТЫРҒЫЗУ АКЦИЯСЫ ӨТТІ

Алматы қаласы Әуезов ауданында «Жаңару күніне» орай ағаш отырғызу акциясы ұйымдастырылды. Бұл іс-шара табиғатқа жанашырлық танытып, бірлік пен ынтымақты нығайтуға бағытталды.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ

«Баянауыл» шағынауданында өткен экологиялық акцияға Әуезов ауданы әкімдігінің өкілдері, белсенді тұрғындар мен студенттерден құралған 100-ге жуық адам қатысты.

Игі іс-шара басында белгілі әнші Назгүл Әбибекова да болды.

– Наурыз мерекесі аясында қоршаған ортаға қамқорлық танытып, өз үлесімізді қосып жатырмыз. «Мәр-Мәр» жетіген тобыммен бірге тал егіп, су құйып,

Шерзат Розметұлы студенттердің белсенділігін ерекше атап өтті:

– Қоршаған ортаның тазалығы – қоғамның денсаулығына тікелей әсер ететін маңызды фактор. Бұл сенбілік тек тазалық жұмыстары ғана емес, сонымен қатар ұрпақтың бойына қоршаған ортаға деген жанашырлықты сіңірудің бір жолы. Университетімізде экологиялық мәдениетті қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінеді. Мұндай іс-шаралар студенттердің туған жеріне деген сүйіспеншілігін оятып, патриоттық рухын нығайта түседі, – дейді ол.

Қатысушылар тек университет аумағын ғана емес, сонымен қатар болашақ



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

айналаны көгалдандыруға атсалыстық. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын, – деді ол журналистерге берген пікірінде.

Қала жастары мұндай экологиялық акцияларға ынталы екені байқалады. Бүгінгі іс-шараға қатысқан жастармен де пікірлесіп көрдік.

– Біз «Алматы – біздің ортақ үйіміз» эко-науқанына үлес қосу үшін келдік. Осындай іс-шаралар қала табиғатын жақсартуға ықпал етеді. Жасыл желек көбейсе, ауа да тазарады. Барша замандастарымды қала тазалығына жауапкершілікпен қарауға шақырамын, – деді студент Темірлан Тоқтарбайұлы.

Экологиялық бастамалар Алматының экологиялық ахуалын жақсартуға ғана емес, тұрғындардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыруға да бағытталған. Мұндай іс-шаралар алдағы уақытта да жалғасын таппақ.

ҚАЙТА ӨҢДЕЛГЕН ӨНІМДЕР

тұрғындардың назарын экологияға аударды

Алматыда «Таза Қазақстан» республикалық бағдарламасы мен «Алматы – біздің ортақ үйіміз» қалалық акциясы аясында «Жасыл Наурыз» экофестивалі өтті.

Ерекше фестиваль аясында қатысушыларға экология тақырыбында қызықты лекциялар оқылды. Онда қалдықтарды қайта өңдеу зауыттарында түсірілген бейнероликтер көрсетілді. Бұл тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу процесін түсіндіріп, жарақсыз заттарды қайта пайдалануды жеңілдету үшін қоқыстарды түріне қарай бөлек жинаудың маңызын көрсетті.

Фестиваль барысында Алматыда қайта өңделген пластиктен жасалған өнімдер таныстырылды. Бұл бұйымдар кеңсе мен мектептерде, саябақтар мен аулаларда қолдануға лайық. Сондай-ақ, арнайы велосредерлер орнатылады. Қатысушылар бұл құрылғыларда бөтелке қақпақтарын ұсақтап, олардың кейін қайта өңдеуге жіберілуіне үлес қоса алады.

Фестивальдің маңызды бағыттарының бірі – «Экологиядағы инклюзия» бағдарламасы. Оның аясында ерекше балалар қайта өңделген пластиктен орындықтар, үстелдер, маңдайшалар мен көрсеткіштер жасайды. Бұл бұйымдар фестиваль қорытындысы бойынша MEGA сауда орталығына экомәдениетті насихаттайтын символ ретінде орнатылады.

Іс-шараға жиналған қауымға мектептер мен балабақшаларда «Мейірімді қақпақ» акциясының жалғасып жатқаны да ескертілді. Естеріңізге сала кетейік, 2024 жылдың қараша-желтоқсан айларында осы бастама аясында оқушылар 1,26 миллион дана бөтелке қақпағын жинаған болатын.

Фестивальдің басты мақсаты – қала тұрғындарының экологиялық мәселелерге назарын аудару. Бұған дейін Алматы экологабының қалдықтарды жинайтын мобильді станция іске қосуды жоспарлап отырғаны хабарланған болатын.

О.ЖОЛДЫБАЙ

МӘДЕНИЕТ ӨКІЛДЕРІ АТСАЛЫСТЫ

Эко-науқанға қоғам қайраткерлері, өнер майталмандары, шығармашылық өкілдері, интеллигенция өкілдері, ерікті жандар, қала тұрғындары және т.б. қатысты.

Бұл «Таза Қазақстан», республикалық эко-акциясы бастамасымен «Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқаны аясында жүзеге асырылып келеді.

Мақсаты – көліктен, өндірістен, тұрмыстан шығатын зиянды қалдықтарды бей-берекет тастамау, таза экологиялық жайлы орта қалыптастыру.

Сонымен бірге, мегаполистің тазалығы үшін өз үлесін тигізіп, жұртқа үлгі-өнеге көрсетуге келген Мемлекеттік тілді дамыту қорының атқарушы директоры, қоғам қайраткері Бижомарт Қапалбек ой-пікір білдірді.

«Бұл эко-акция өте дұрыс. Бірақ

науқаншылдық күйінде қалып қалмаса екен. Қайта күнделікті шаруа-мызға айналғаны дұрыс. Жапон халқы өзінің тұрған, жүрген жерін тазалап жүреді. Біздер де сондай мәдениет қалыптастыруымыз керек. Сондай-ақ, қаладағы ескі ағашты алып, жаңа көшеттерді көп отырғызған жөн. Мүмкін болса, қысы-жазы таза ауа шығарып тұратын арша, шырша секілді талдар өсіп тұрса, құба-құп болар еді, – деді ол.

Алматының тазалығына өнер майталмандары, мәдениет жанашырлары өз үлесін қосты.

«Қазақ халқымыздың «Амал мерекесі» қарсаңында тазалыққа үлес қосуға ынта білдірдік. Әркім тазалықты өз айналасынан бастаса, ұқыпты болса, ұтарымыз көп, – деді әнші Біржан Хасанғалиев.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.





«НАУРЫЗ НАҚЫШТАРЫ»

Алматыда этнофотограф, ұстаз Оңғарбек Алхаровтың «Наурыз нақышта-Ары» атты мерекелік жеке фотокөрмесі ашылды. Аталмыш көрменің өтуіне «Фотоөнер» республикалық қоғамдық бірлестігі мен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Журналистика факультетінің Баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасы ұйытқы болды.

түрлі ойындарды және көктемгі жаңару рухын бейнелеген 30-ға жуық фототуындысы қойылды. Зер салып қараған жан әрбір туындының түрлі локацияда, әртүрлі ракурста түсірілгенін бірден аңғарады. Мұнда Журналистика факультетінің оқытушылары мен осында оқитын шетелдік студенттердің ұлттық киіммен түскен бейнелері үйлесімді орын тапқан.

Баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасының меңгерушісі, профессор Айгүл Рамазан, «Фотоөнер» республикалық қоғамдық бірлестігінің президенті, факультеттің аға оқытушысы Асылхан Әбдірайымұлы, өнертану ғылымының магистрі, PhD докторанты, фотожурналист Дәурен Мақсұтханұлы Оңғарбектің көрмеге қойған

туындылары арқылы қазақ халқының мәдениеті мен тарихының тым тереңде екендігі анық байқалғанын тілге тиек етті. Себебі, бұл көрмеде қазаққа, тіпті күллі түркі жұртына ортақ Ұмай ана, Қазыналы қарт, Ер жігіт, Сұлу әйел, Көрікті бойжеткеннің бейнесі портрет жанрында беріліп, көрерменін философиялық ойға жетелеп отырды.

Қорыта айтқанда, автордың объективті арқылы қазақ мәдениетінің терең тамыры мен бүгінгі өмірі өзара үндестік тапқан.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Байғали ЕСЕНӘЛІ,
Қазақстан Авторлар қоғамының төрағасы:

— Оңғарбек Есенбайұлының шығармашылық көрмесін тамашалай келген болашақ журналистер мен филологтардың құлағына алтын сырға, осы бастан фотоөнердің қадірін түсірмеуге машықтаныңыздар. Сіз кез келген жерде (тіпті, әлеуметтік желілерде де) пайдаланғанда, ол фотонның авторын міндетті түрде көрсетуге тырысыңыз. Жалпы, авторлық құқықты сақтау керек. Қазіргі кезде фотографияны қолдану жөнінде заң талаптарының күшейгенін білесіздер. Тіпті, қазақстандық фотограф шетелде өзінің құқығы бұзылғаны жөнінде арызданғанда Қазақстан Авторлар қоғамы шұғыл түрде әрекет етіп, фотосуретшінің құқығын қорғап шықты. Сондықтан авторлық құқық қай жерде де сақталуға тиіс.

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ»

Алматы қаласында «Таза Қазақстан» республикалық бағдарламасы және «Алматы – біздің ортақ үйіміз» қалалық науқаны аясында пластикалық қақпақтарды жинау бойынша экологиялық акцияның жаңа кезеңі басталды.

Осы бастамаға қолдау білдірген №206 мектеп-гимназиясында «Таза Қазақстан – жарқын болашақ» атты іс-шара өтті. №174 мектеп-гимназиясының 10-сынып оқушысы, өзін-өзі басқару ұйымының президенті Қайрат Дәулеткелдіұлы акцияның оқушыларға тигізер пайдасын ерекше атап өтті:

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Фатима МАМЕТҚАЛИҚЫЗЫ,
№206 мектеп-гимназиясының директоры:

— Бүгін Наурызбай ауданына қарасты 12 мектептің қатысуымен осы экологиялық акциямызды өткізіп жатырмыз. Оның негізгі мақсаты – табиғатты ластанудан қорғау, жиналған қақпақтарды қайта өңдеуге жіберу арқылы пайдалы іске үлес қосу. Сондай-ақ, балалардың экологиялық санасын қалыптастыруға, қоршаған ортаға деген жауапкершілігін арттыруға бағытталған. Мектеп оқушылары бірнеше мың қақпақ жинап, олардан түрлі пішіндер жасап, өздерінің шығармашылықтарын да көрсетіп жатыр.

— Бүгін экологиялық «Таза Қазақстан» республикалық акциясының басталуына орай біздің ауданның бірнеше мектебі белсенділік танытып, атсалысуда. Мектептегі үштік одақ – ата-аналар – мұғалімдер және оқушылар бірігіп, пластикалық қақпақтар жинадық.

Осы жиналған материалдардан әдемі бейнелер жасап, экологиялық мәдениетімізді дамытуды көздеп отырмыз. Бұл іс-шара бізге табиғатты қорғау маңыздылығын түсінуге көмектесіп, болашақта қоршаған ортаға бей-жай қарамауға ықпал етеді деп ойлаймын.



ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК ЕРТЕ ЖАСТАН

Алматы қаласындағы №153 бөбекжай-балабақшасында қоршаған ортаны қорғау мен экологиялық мәдениетті дамытуға бағытталған ерекше іс-шара өтті.

Іс-шара «Таза Қазақстан» республикалық бағдарламасы аясында ұйымдастырылып, ата-аналар, тәрбиешілер мен балалардың бірлескен еңбегін паш етті. Акция барысында пластикалық қақпақтардан жасалған әртүрлі тұрмыстық бұйымдар мен ойыншықтар қойылды.

Балабақша меңгерушісі өз тәжірибесімен бөлісе отырып, экологиялық сананы қалыптастыруда шетелдік әдістердің маңыздылығын атап өтті:

«Жапонияға тәжірибе алуға барып, экологиялық жобалармен танысып, пластикалық қалдықтарды қайта өңдеудің түрлі әдістерін үйреніп қайттым. Ол жақта тіпті ойыншықтардың өзін қалдық материалдардан жасайды. Біз де осы тәсілді қолданып, балаларға экологиялық жауапкершілікті ерте жастан үйретіп келеміз. Мұндай дағдылар олардың болашақта табиғатқа ұқыпты қарауына ықпал етеді, – деді.

№153 бөбекжай-балабақшасы қоршаған ортаны қорғауға бағытталған игі істерді жалғастыруды көздейді. Балаларға экологиялық тәрбие беріп, оларды жас кезінен табиғатты аялауға үйрету – болашақ ұрпақ үшін жасалған маңызды қадам.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Алина НҰРМАХАНБЕТОВА,
балабақша меңгерушісі:

— Күнделікті өмірде жиі пайдаланып, бірақ қайта өңдеуге қиын пластикалық қақпақтарды кәдеге жаратуға болады. Оларды тұрмыстық бұйымдарға айналдыру арқылы табиғатқа тигізетін зиянды азайта аламыз. 2024 жылы балабақша ұжымы 700 мыңнан астам пластикалық қақпақ жинап, жоғары нәтиже көрсетті. Біздің мақсатымыз – қоқысты тек тастап қоймай, оны қайта қолданудың маңызын ұғындыру. Осы бағытта ата-аналар, педагогтар және тәрбиеленушілерден құралған үштік қауымдастық белсенді жұмыс жүргізуде. Балалардың жас ерекшеліктеріне сай қақпақтардан түрлі ойыншықтар жасауды да қолға алдық.

Әзірлеген Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.



ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯ

ЖАНҒА БАТПАЙДЫ

Алматы реаниматологтары ауырсынуды басудың жаңа әдісін қолдана бастады

Орталық қалалық клиникалық аурухананың реаниматологтары ESPB (erector spinae plane block) ауырсынуды басудың жаңа әдісін қолдана бастады. Блокаданың бұл түрі алғаш рет 2016 жылы енгізілген және жоғары тиімділігі дәлелденіп, бүкіл әлемге тез таралды.

Былыр желтоқсанда Алматы қаласы әкімдігі мен Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының қолдауымен ұйымдастырылған шеберлік сыныптары мен семинарлар аясында Германия мен Түркияның мамандары алматылық дәрігерлерге УДЗ бақылауымен блокада техникасын үйреткен болатын.

«Бұрын алты және одан да көп қабырғасы сынған науқастар қатты қиналатын, тыныс алуы айтарлықтай қиындайтын. Ал мұндай келеңсіздік жарақаттан кейінгі пневмонияның дамуына әкелетін. Енді жаңа әдістің арқасында ауырсыну болмайды, пациент еркін дем ала алады», – дейді ОКҚО реанимация бөлімінің меңгерушісі Ғалымжан Пірмағамбетов.

Дәрігер қазірдің өзінде көп қабырғасы сынған төрт науқаста блокада оң әсер еткенін атап өтті. Бес күнге дейін орнатылған катетер ауырсынуды ұзақ уақытқа басады.

ЖАҢА ИННОВАЦИЯ

МЕДИЦИНА МҮМКІНДІГІ

Ұзақ жыл гемодиализде жүрген 71 жастағы науқасқа аорталық қақпақша орнатылды

Алматыдағы Кардиология және Ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институтында 77, 76, 71 жастағы үш пациентке соңғы буынғы қолқа клапаны имплантацияланды. Қолқа стенозы – егде жастағы адамдарда жиі кездесетін жүрек ақауы, өте қауіпті дерт, себебі кенеттен өлімге әкелуі мүмкін.

71 жастағы науқас әйел жеті жылдан бері гемодиализде жүр. Ол қолқа қақпақшасының стенозы, митральды қақпақшаның жеткіліксіздігі, жүректің ишемиялық ауруы, асқынулардың даму қаупі өте жоғары артериялық гипертензияның 3-сатысы, созылмалы жүрек жеткіліксіздігіне шалдыққан және 2024 жылдың желтоқсанында инфарктқа ұшыраған. Оған биылғы қаңтарда стент қойылды, бірақ денсаулығы жақсармады, еңтігуі басылмады. Оның жағдайын жеңілдету үшін дәрігерлер тәуекелге барып, оған ота жасау қажет деп шешті. Операция сәтті өтті.

Соңғы буынғы қолқа клапанын клиниканың интервенциялық кардиологтары Санкт-Петербург қаласы В.Алмазов атындағы ҰМЗО рентгенхирургиялық диагностика мен емдеудің әдістері бөлімшесінің меңгерушісі Дмитрий Зубаревпен бірге имплантациялады.

«Бұл операция қолқа стенозы бар науқастарды емдеудегі маңызды қадам болды және олардың өмір сүру сапасын жақсартуға жаңа мүмкіндіктер ашты. Соңғы буынғы қолқа клапанын имплантациялау – маңызды жетістіктеріміздің бірі. Денсаулығы мен өмірін бізге сеніп тапсырған пациенттерге жақсы күтім мен емдеуді қамтамасыз ету үшін кардиологияға инновациялық технологияларды үздіксіз енгізудеміз», – дейді Басқарма төрағасы Марат Пашимов.

Заманауи транскатетерлі қолқа клапаны қолқа стенозын емдеуге арналған. Ол орналасу дәлдігімен ерекшеленеді, бұл коронарлық артерияларға кедергісіз қол жеткізуге мүмкіндік береді.

ИНВАЗИВТІ ӘДІС

ИНСУЛЬТ

алған адам да толыққанды өмірге орала алады

Инсульт кезінде механикалық тромбоэкстракция әдісі науқастың толық қалпына келу мүмкіндігін арттырады. Осы шағын инвазивті тәсіл арқылы тромб алынып, «терапиялық терезені» кеңейтуге болады.

Дәстүрлі тромболитикалық терапиямен салыстырғанда бұл әдіс асқыну қаупін азайтады. Мұндай оталар Алматының №4 қалалық клиникалық ауруханасының рентген-эндоваскулярлық хирургия бөлімшесінде сәтті жасалып келеді.

«Тромбоэкстракция инсульт алған науқасқа толыққанды өмірге оралуға мүмкіндік береді. Бұл жерде уақыт басты рөл атқарады: шағын инвазивті хирургиялық араласу неғұрлым ерте жасалса, толық қалпына келу ықтималдығы соғұрлым жоғары болады. Біздің тәжірибемізде жақсы нәтиже бар – инсульт салдарынан сал болып қалған науқастар бірнеше күннен кейін өздігінен жүріп, сөйлей алды», – дейді №4 қалалық



клиникалық ауруханасының нейрохирургі Алдоңғар Айсауытов.

39 жастағы ер адам осы ауруханаға сөйлеу қабілетінің бұзылуы, оң аяқ-қолының әлсіздігі және көзіне қос көріну сияқты инсульттің жіті белгілерімен түскен.

Осылайша белгілері анықталғаннан бастап алты сағат ішінде нейрохирург-мамандар механикалық тромбоэкстракция жасап, науқастың ми қызметін толық қалпына келтіре алды. Бір аптадан кейін ол неврологиялық асқынусыз ауруханадан үйге шығарылды.

СӘТТІ ОТА



СӘБИ 105 МОНШАҚ ЖҰТЫП ҚОЙҒАН

Алматы қаласы Балалар шұғыл медициналық көмек көрсету орталығына 2 жас 3 айлық бала бөгде зат жұтып қойған болуы мүмкін деген күдікпен жедел жеткізілген.

Ата-анасының айтуынша, шамамен бір апта бұрын қонаққа барғанда, бала магнитті металл моншақтар жұтып қойған секілді.

Сәбидің құрсақ қуысына рентгенография жасалғанда, өлшемі 6,2х2,2 см болатын, көптеген металл заттан құралған конгломерат анықталды. Бөгде затты алып тастау үшін бала шұғыл түрде ауруханаға жатқызылды.

Мамандар іштегі бөтен затты әуелі эндоскопиялық әдіспен алуға тырысты. Алайда, магнитті моншақтар бір-біріне жабысып қалғандықтан бұл мүмкін болмады. Сондықтан хирургиялық араласу – лапаротомия және гастротомия жасау туралы шешім қабылданды. Ота барысында баланың асқазанынан 105 моншақ шықты.

Отадан кейін бала реанимация бөліміне ауыстырылып, кейін хирургия бөліміне жатқызылды. Қазіргі уақытта оның жағдайы қанағаттанарлық.

Алматы қаласы Балалар шұғыл медициналық көмек көрсету орталығы ата-аналарға ойыншық таңдауда мұқият болуды және кішкентай балаларды көзден таса етпеуді сұрайды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Азат МАМЫРАСЫЛ,
Балаларға жедел медициналық көмек көрсету орталығының хирургі:

ОЙЫН БАЛАСЫН КӨЗДЕН ТАСА ҚАЛДЫРМАҢЫЗ

Осы оқиғалардың алдында да ұсақ магниттерді жұтып қойған екі балаға шұғыл ота жасалған болатын. Уақытылы көрсетілген хирургиялық көмектен кейін дәрігерлер олардың өмірін сақтап қалды. Бірінші жағдайда екі жастағы баланың ішегінде он үш магнит тұрып қалған. Ал екінші оқиғада жеті жастағы бала жұтып қойған магнит ойыншықтармен тоғыз күн бойы жүрген. Ата-анасы баласының жағдайы маз емес екенін біліп, алғашқыда жеке клиникаға апарған. Ол жерде рентгенге түсіргенде, ішегінде бөгде заттың бары анықталған. Ондағы әріптестер ауруханаға жүгіну қажет екенін ескерткен, бірақ ата-анасы баланың жағдайын өз бақылауына алған. Алайда, күн өткен сайын баланың халі нашарлай түседі. Күніне он бес ретке дейін құсқан. Тек осы кезде ғана жедел жәрдем бригадасын шақыртқан. Ішекке түскен бөгде зат ең алдымен ішектің перфорациясына немесе перитонитке қауіп төндіреді. Өкінішке орай, әлемдік тәжірибе көрсеткендей, ата-аналардың немқұрайлылығынан дәрігерлердің уақытылы көмек көрсете алмай жататыны бар. Сондықтан балаға сақ болайық, әрі медициналық көмекке жүгінуді кешіктірмеген абзал.



ӨТТИҢ, ДҮНИЕ!

ҚАРА СӨЗДІҢ ШЕШЕНІ, ҚАЗАҚЫ ДӘСТҮРДІҢ БІЛГІРІ

Этнограф-ғалым Болат Бопайұлы өмірден өтті

Күні кеше ғана ұлт қазынасын тынбай дәріптеген белгілі жазушы, қара сөзге шешен, қазақы дәстүрге жүйрік, танымал этнограф Болат Бопайұлы өмірден өтті. Ұлт руханияты үшін орны толмас қазаға қабырғасы қайысқан жұрт алыс-жуықтан Алматыға жиналып, 20 наурыздың түс әлетінде марқұмды Алатаудың бауырына, жер-ананың қойнына аманаттап қойды. Елім деген есіл өмір осылайша Кеңсайдың қойнауынан мәңгілік мекенін тапты.

Марқұмды ақтық сапарға шығарып салу кезінде ел ағалары, мәдениет пен әдебиеттің марқасқалары, әр саланың майталмандары оның елге еткен еңбегін көбірек дәріптеді. 65 жылдық ғұмырында қазақ этнографиясының жоғын жоқтап, жыртығын бүтіндеген 65 еңбек жазғанын алға тартты. Әрі марқұмның жанына жәннаттан орын тіледі. Азалы жиында Алматы қаласы әкімінің кеңесшісі Мамай Ахетов марқұмның отбасы мен туған-туыстарына әкімдіктің жылы сөзін жеткізді. Қазақстан Жазушылар одағы да арнайы өкілдерін жіберіп, марқұмның отбасы мен туған-туыстарының қайғысына ортақтасты.

Болат Бопайұлының біздің ұжымға – «Alatau Aqparat» медиахолдингіне орны бөлек болатын. Ол ұжымның қоғамдық іс-шараларына ұдайы қолдау көрсетіп келді әрі «Алматы ақшамы» газетінің тұрақты авторы да болды. Қазақ руханиятының таусылмас қазынасындай болған автор редакциядан қай кезде хабарлассақ та, уақыт тауып, көңіл қоржынымыз-



Суреті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ

ды, сауал сандығымызды толтырып отыратын. Газет бетінде талай мақалалары жарияланып, оқырман сұранысына ие болды.

Елге белгілі этнограф Өр-Алтай жерінде өмір есігін ашып, жарты ғұмырын тәуелсіз жас Отаны – Қазақстанға арнаған еді. Оның қаламынан туған «Қазақ кәдесі», «Қазақ мінезі», «Қазақтың алғыстары мен қарғыстары», «Салт-дәстүр сөйлейді», «Қазақ наурызнамасы», т.б. кітаптары ескінің жоғын жоқтап, жаңаның шырағы болған еңбектер саналады. Ол білгенін тек кітап тілімен ғана емес, ауызекі сөзбен қоғамдық кездесулерде, арнайы лекцияларда да елге жеткізіп, ұлт тәрбиесіне барынша үлес қосты.

«Алматы ақшамы» газетінде қаламгердің қазақы пайымдағы дүниетанымдық мақалалары жарияланды. Әсіресе, 2024 жылы «Ақшам» бетінде оқырман

сұранысымен этнограф-ғалымның жазбалары жиі жарық көріп отырды. Осыдан тура бір жыл бұрын жарық көрген «Тарихы терең төл мереке» атты мақаласы ұл жадындағы ұлық мерекенің мәні мен маңызын тереңінен түсіндіріп, оқырман жүрегінен жол тапқан еді. Одан кейін де «Арыс саңлағы», «Қазақтың жұлдызнамасы», «Қазақы түс жору» сынды мақалалары оқырманның ыстық ықыласына бөленді.

Терең білімді азаматтың сарқылмас қазынасын көптеген ақпарат құралдары қажетке жаратып бақты. Бұған дейін Қазақстанда мемлекеттік тілде шығатын барлық газет-журналдарда дерлік, сайттарда Болат Бопайұлының қазақ этнографиясы тақырыбында мыңға жуық мақалалары жарияланды. «Қазақ радиосы» мен «Қазақстан» телеарнасындағы қызметі және этнографиялық мол білімі арқылы БАҚ өкілдеріне кеңінен таныс тұлға болатын.

Болат Бопайұлы – ҚР Жазушылар одағының, Журналистер одағының мүшесі. Қазақ ұлттық салт-дәстүр академиясының академигі, ҚР мәдениет саласының үздігі, ҚР Құрметті азаматы.

Қазақ руханиятына өлшеусіз үлес қосқан азаматтың, этнограф-ғалымның жарқын бейнесі ел есінде ұзаққа сақталатыны сөзсіз.

Мезгілсіз қазаға байланысты «Alatau Aqparat» медиахолдингі марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыра отырып, көңіл айтады. Бақұл болыңыз, руханият жанашыры, ел есіндегі этнограф. Жатқан жеріңіз жарық болсын!

«Ақшам» редакциясы.

БАСПАСӨЗ ТУРЫ

НҰР-МҮБАРАК ИСЛАМ УНИВЕРСИТЕТІ –

Қазақстандағы жалғыз діни білім беретін оқу орны

Діни білімді ана тілінде алу ұлттық құндылықтар мен төл мәдениетімізді сақтауға ерекше ықпал етеді. Осы тұрғыда Алматы қаласында орналасқан, еліміздегі жалғыз діни білім беретін Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің маңызы зор. Рамазан айында университет басшылығы ақпарат құралдары өкілдерінің басын қосып, баспасөз туры өткізді. БАҚ өкілдері оқу бағдарламаларымен, ғылыми-зерттеу жобаларымен және студенттердің оқу процесімен танысты.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Сонымен қатар, оқу ордасының профессор-оқытушылар құрамымен кездесіп, исламтану, дінтану, теология, шетел филологиясы, аударма ісі бағыттары бойынша білім беру ерекшеліктері туралы ақпарат алды. Баспасөз туры барысында журналистер мен қоғам белсенділері университет кітапханасын, дәріс залдарын және ғылыми орталықтарды аралап, оқу орнының материалдық-техникалық базасын көріп шықты.

Діни униеверситет болашақ дінтанушылар мен теологтарға білім беріп қана қоймай, қазақ тілінде діни сауатын арттыруға, салт-дәстүрлер мен ислам ілімін үйлесімді меңгеруіне мүмкіндік береді. Нұр-Мұбарак қабырғасында білім алушылар қазақ тілінен бөлек, араб және орыс тілдерінде ілім игеріп, қазіргі діни мәселелерді жан-жақты зерттей алады.

Университет 2001 жылы Қазақстан мен Египет Араб Республикасы арасындағы үкіметаралық келісімге сай өз жұмысын бастады. Небәрі 56 студентпен ашылған ақылы университет бүгінде бірнеше мамандықта үш сатылы дең-

гейде оқытады. Діни білімді отандық оқу ордасынан алудың артықшылықтары көп. Ең алдымен, қазақ балалары өзінің ана тілінде оқып, дінді тереңірек түсіне алады. Университет ТОП-20 үздік жоғары оқу орындарының қатарына енді.

Білім алып шыққан түлектер тек діни салада ғана емес, қоғамның әртүрлі бағыттарында еңбек етіп жүр. 61%-ы Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасына (ҚМДБ) жұмысқа орналасқан. Мешіттерде, діни оқу орындарында, ҚМДБ-ға қарасты түрлі құрылымдарда қызмет етіп, имамдық және ұстаздық қызметтерді атқарады. Мемлекеттік мекемелерде 19%, қалған 20%-ы басқа салаларда жұмыс істейді.

«Дін мамандарын даярлау – қоғам алдындағы үлкен жауапкершілік. Ұлттық руханият пен діннің даму бағыты туралы сөз қозғасақ, біз өз тарапымыздан нақты, сенімді ақпараттармен бөлісуді мақсат етіп, сіздермен жүздесуді жөн көрдік. Дінсіз адам болғанымен, дінсіз қоғамның болмайтынын ескерсек, ел дамуы үшін аса маңызды сала. Сондықтан оның өзектілігін әрдайым назарда ұстау қажет», – дейді Нұр-Мұбарак ЕИМ-нің проректоры Ершат Оңғар.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ахмед Хусейн МҰХАММАД,
Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің ректоры, профессор:

ДӘСТҮРЛІ ИСЛАМ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ОРДАСЫ

Бұл университет – Қазақстан Республикасы мен Мысыр Араб Республикасы арасындағы келісімнің нәтижесінде құрылған білім ордасы. Оқу орны ислам мәдениеті мен ғылыми бағытта сапалы білім береді.

Университет тарихына үңілсек, 2000 жылдардың басынан бері қазақстандық жастарға дәстүрлі ислам ілімін оқытып келеді. Қазақ қоғамы бүгінгі таңда қарқынды даму үстінде, ал біздің басты міндетіміз – сапалы ілім беру үшін қызмет ету.

Қазақ жерінің тарихы терең әрі бай. Бұл өлкеден ислам өркениетіне айтарлықтай үлес қосқан ғұламалар мен ғалымдар шыққан. Ислам құндылықтарын зерттеп, мол мұра қалдырған.

ТАРИХИ ТАНЫМ

«ЙАСАУИ ЖОЛЫНЫҢ АЛТЫН ОРДА ТАРИХЫНДАҒЫ РӨЛІ»

Зікірия Жандарбектің дербес зерттеуі туралы пікір

Жақында белгілі ғалым, теолог, йасауитанушы Зікірия Жандарбектің «Йасауи жолының Алтын Орда тарихындағы ролі» атты еңбегі жарық көрді. Аталған кітап тарихи түрлі деректер мен теориялық талдауларға сүйене отырып, Йасауи жолының Алтын Орда дәуіріндегі идеологиялық негіздің біріне айналғанын көрсетеді. Автордың тұжырымдамалары Қазақстанның орта ғасырлық тарихын жаңа қырынан қарастыруға мүмкіндік береді. Еңбекте қазақ мемлекеттілігінің бастауында тұрған хандар мен билеушілердің Йасауи жолын ұстанғаны көрсетіледі. Түркі-мұсылмандық дәстүрлердің беріктігі қазақ қоғамының рухани тұтастығын қамтамасыз етті. Сондықтан бұл еңбектегі ізденістерді Қазақстанның исламдық мәдениетінің қалыптасуы тұрғысынан да маңызды шығарма деуге толық негіз бар.ц

Монографияда Йасауи жолының тек діни емес, саяси элитаға тигізген ықпалын ерекше атап өтеді. Алтын Орда дәуірінде сопылық мектептер билеушілер үшін идеологиялық құрал болды. Йасауи жолының әсері Алтын Орда ыдырағаннан кейін де жалғасын тапты. Қазақ қоғамында Тәуке ханның «Жеті Жарғысында» да Йасауи ілімінің әсері байқалады. Автор Йасауи жолының Алтын Орда дәуірінен Қазақ хандығына дейінгі эволюциясын талдай отырып, бұл ілімнің үздіксіз дамығанын көрсетеді. Кітап Қазақстанның исламдық өркениетінің негіздерін түсінуге, сондай-ақ Алтын Орда мен Қазақ хандығы арасындағы тарихи сабақтастықты пайымдауға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, зерттеу түркі-ислам әлеміндегі билік пен руханияттың байланысын зерттейтін маңызды еңбектердің бірі болып саналады. Алтын Орда тарихына қатысты ибн Баттута, Рашид ад-Дин, әл-Омари, Жувейни сияқты ортағасырлық авторлардың жазбалары және Қожа Ахмет Йасауидің «Диуани Хикмет» ғылыми айналымға енгізілген.

Автор Шыңғыс ханның жаулап алу жорықтарын түркі әлеміндегі мемлекеттік дәстүрлердің толық күйреуі ретінде қарастырмайды. Керісінше, ол моңғол жорығы нәтижесінде бұрынғы түркі мемлекеттілік институттарының жаңа тарихи жағдайға бейімделгенін алға тартады. Оның ойынша, Шыңғыс ханның билікке келуі және оның жүргізген реформалары бұрынғы түркі басқару жүйесімен тығыз байланысты болды. Шыңғыс хан жаулап алған өңірлерде өзінің әкімшілік жүйесін құрғанымен, ол көптеген түркілік басқару әдістерін қабылдады. Ол әсіресе, түркі тайпаларының әскери және саяси дәстүрлерін өз билігінің негізіне айналдырды. Ғалым Шыңғыс хан дәуірі мен Алтын Орда кезеңін бір-бірінен ажыратпай, оларды біртұтас тарихи процесс ретінде қарастыру қажет деген тұжырым жасайды. З.Жандарбектің көзқарасынша, Шыңғыс хан бастаған жаулап алу жорықтары түркі мемлекеттілігіне қауіп төндіргенімен, түптеп келгенде, ол жаңа тарихи формада қайта жанданды. Бұл қайта жаңғырудың басты көрінісі – Алтын Орда мемлекетінің құрылуы. Оның пікірінше, Шыңғыс хан мен оның ұрпақтарының билігі бұрынғы түркі-ислам өркениетінің мұраларын жоймаған, керісінше, оларды жаңа жағдайға бейімдеген. Осылайша Алтын Орда Йасауи тариқатының ықпалымен өз билігін нығайтып, түркілік мемлекеттік дәстүрлерін сақтап қалды.

Еңбекте Алтын Орда мемлекетінің кейінгі кездегі ыдырауын талдай отырып, бұл тарихи құбылыстың негізгі себептерін терең қарастырады. Ол Жәнібек ханның реформаларын негізгі мысал ретінде алып, олардың Алтын Орда мемлекеттілігінің тағдырына тигізген әсерін бағамдайды. З.Жандарбектің пікірінше, Алтын Орданың ыдырауы үдерісі бір мезетте болмаған, керісінше, біртіндеп жүріп, бірнеше ішкі және сыртқы факторлардың әсерімен іске асқан.



Автордың айтуынша, Қазақ хандығының құрылуы Алтын Орда мен Ақ Орда кезеңіндегі саяси-әлеуметтік үдерістермен тікелей байланысты, ал Алаша хан осы дәстүрдің символына айналған. Бұл ұғымдардың қазақ халқының өзіндік санасының қалыптасуында маңызды рөл атқарғанын атап өтеді және оны Алтын Орданың ыдырауы кезеңіндегі саяси құрылымның эволюциясымен байланыстырады. Яғни Ақ Орда мен Көк Орда мәселесін Алтын Орданың ішкі саяси құрылымының эволюциясы тұрғысынан қарастырады. Оның көзқарасы бойынша, Ақ Орда мен Көк Орда атаулары тек географиялық аймақтарды ғана білдірмейді, олар белгілі бір саяси билік жүйелерінің атаулары болып табылады. Ақ Орда Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында орналасқан, көбінесе Жошының үлкен ұлы Орда Ежен ұрпақтарының билігімен байланысты. Көк Орда болса, батыс бөлікті қамтып, Батудың ұрпақтарының иелігінде болды.

Монографияда Алтын Орда мен Мәуреннахрдағы діни-саяси ахуал түркі халықтарының тарихи дамуының шешуші факторы ретінде қарастырылады. Оның

пайымдауынша, бұл екі аймақтың өзара ықпалдастығы тек саяси сипатта ғана емес, сонымен қатар діни және мәдени аспектілерде де айқын көрінді. Исламның Алтын Ордада мемлекеттік дін ретінде қабылдануы түркі халықтарының рухани өміріне үлкен өзгерістер әкелді. Алтын Орда билеушілерінің исламды қабылдауы түркілердің саяси элитасының құрылымына тікелей әсер еткен. Ислам мемлекеттік идеологияға айналған соң, билік жүйесі шарифат заңдарына бейімделе бастады. Бұл жағдай дәстүрлі түркілік басқару жүйесімен қатар жүріп, белгілі бір қарама-қайшылықтарды тудырды. Осы қарама-қайшылықтардың нәтижесінде түркі әлемінің саяси картасында жаңа мемлекет.

Яғни Қазақ хандығының қалыптасуына негіз болды. Автордың ойынша, Алтын Орданың ыдырауы жаңа этно-саяси құрылымдардың пайда болуына алып келді, ал қазақ халқы бұл процестің маңызды бір бөлігі болды. Оның тұжырымдары қазақ тарихының ішкі динамикасын түсінуге мүмкіндік береді және Алтын Орда мұрасының қазіргі қазақ мемлекеттілігіне тигізген әсерін терең ұғынуға жол ашады.

Ғалым Қазақ хандығы мен Өзбек ұлысын өзара салыстырады. Автордың пікірінше, Өзбек ұлысы мен Қазақ хандығының арасындағы басты айырмашылық олардың қалыптасқан билік жүйесіндегі ерекшеліктерінде болып тұр. Яғни Өзбек ұлысы Мәуреннахрдағы исламдық басқару үлгісіне бейімделсе, Қазақ хандығы дәстүрлі түркілік билік жүйесі мен исламдық нормалардың үйлесімін сақтады. Осылайша Өзбек ұлысы исламның ықпалымен орталықтандырылған билік жүйесін құрса, Қазақ хандығы көшпелі дәстүрлерге негізделген саяси құрылымды дамытты.

Зікірия Жандарбектің бұл еңбегі Алтын

Орда дәуіріндегі діни, саяси және мәдени үдерістерді талдауда елеулі маңызға ие. Автор ортағасырлық түркі қоғамындағы діни және рухани факторлардың мемлекет құрылымы мен қоғамдық санаға тигізген ықпалын кеңінен талдаған. Әсіресе, Йасауи жолының Алтын Орда кезеңіндегі мемлекеттік идеологияның қалыптасуындағы ролі туралы тұжырымдары жаңа ғылыми бағытқа жол ашады. Бұған дейінгі зерттеулерде Алтын Орда көбінесе саяси-экономикалық және этникалық аспектілер тұрғысынан қарастырылып келсе, бұл еңбекте сопылық дәстүрдің билік жүйесіне, басқару құрылымына және билеушілердің легитимділігіне тигізген ықпалы нақты тарихи деректер арқылы көрсетілген. Ақ Орда мен Көк Орда ұғымдарын Алтын Орда кезеңіндегі мемлекеттік жүйенің негізгі элементтері ретінде қарастыруы қазақ тарихнамасында жаңа бағыт ұсынады. Бұл көзқарас Қазақ хандығының құрылу тарихын түсінуде бұрынғы тұжырымдамаларды толықтыра түседі.

Ғалымның еңбегі қазақ тарихындағы діни-рухани факторларды мемлекеттік құрылыммен байланыстырған ерекше зерттеу болып табылады. Ол Алтын Орда кезеңіндегі сопылық ағымдардың ықпалын терең зерттей отырып, олардың кейін Қазақ хандығының идеологиялық негізін қалай қалыптастырғанын нақтылайды.

Сонымен бірге, бұл зерттеу тарихнама-лық әдістер тұрғысынан жаңа бағыт ұсынады. Осы орайда Алтын Орда тарихын зерттеуде жаңа бағыт қалыптастыруға септеседі. Атап айтқанда, дәстүрлі саяси-әкімшілік көзқарастардан гөрі, рухани-идеологиялық факторларды басты орынға қояды. Бұл отан тарихын зерттеуде жаңа әдіс ретінде маңызға ие болып табылады. Монография өзіндік теориялық-методологиялық негіздерге сүйене отырып жазылған. Автор тарихи құбылыстарды түсіндіруде ұлттық көзқарасты ұстанады және түркілік-исламдық идеяларды негізгі талдау құралы ретінде қолданады. Аталған еңбекті қазақ тарихнамасында өзіндік орны бар, тың көзқарастар ұсынатын және рухани-идеологиялық факторларды тереңірек талдайтын маңызды зерттеу деп бағалауға болады.

Оразгүл МҰХАТОВА,
т.ғ.д., профессор,
Елдос САУЫРҚАН,
PhD докторанты,
Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының
қызметкерлері.



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

2025 жылға «Almaty aqshamy» газетіне жазылу науқаны басталды

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді aqshamnews.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2025 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 613,40 теңге, 3 айға – 1840,20 теңге, 6 айға – 3680,40 теңге, 9 айға – 5520,60 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1315,62 (қала), 803,40 (ауыл) теңге, 3 айға – 3946,86 (қала), 2410,20 (ауыл) теңге, 6 айға – 7893,72 (қала), 4820,40 (ауыл) теңге, 9 айға – 11840,58 (қала), 7230,60 (ауыл) теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)

1 айға – 393,40 теңге, 3 айға – 1180,20 теңге, 6 айға – 2360,40 теңге, 9 айға – 3540,60 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы **«Almaty aqshamy»** газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте рәсімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны **«Almaty aqshamy»** газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең.

Газет **Post.kz** -пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

АРДАГЕРЛЕРМЕН БІРГЕ ҚАРСЫ АЛДЫ

Медеу ауданындағы №19 жалпы білім беретін мектеп шаңырағында ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамы ерекше леппен басталды. Осынау мерекені биыл мектеп ұжымы Медеу ауданының «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығымен бірлесе қарсы алып отыр. «Қариясы бардың қазынасы бар» деген емес пе? Ұлттық киімдегі ата-әжелер мектеп ауласына енгенде, көктемнің шуағы мен жылылығы қоса келгендей болды.



Өмір озса да, адамның көңілі өзгермейді екен. Білім шаңырағына келген қариялар бұл күні балаша қуанып, көңілдері көтеріліп сала берді. Бірі ән салса, бірі билеп дамандатып жіберді. Белсенді қарттардың осынау өнегелі ісі жастарға үлгі, жанына жылулық сыйлады. Мектеп ұжымының да үлкендерге деген ықыласы ерекше болды. Орталықтың белсенді мүшелерінің қатарында қоғам қайраткерлері, қарапайым еңбек адамдары, тылда еңбек еткен ардагерлер бар.

Олар өздерінің жүріп өткен жолдары мен қол жеткізген жетістіктерін тебірене еске алды. «Қонақ келсе, күт келеді» демекші, ұстаздар да, оқушылар да шат-шадыман. Жүздерінен үлкенге деген құрмет пен мейірім тұнып, қариялардың лебіздерін ұйып тыңдады. Шыны керек, жас ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеу туралы көп айтамыз. Дегенмен, мектептегі тәрбие мен оқыту процесінде осындай іс-шаралар жиі өткізіліп отырса, бұл да бір үлгі мектебі болар еді.

«Мектептің және әрбір ұстаздың жүйелі де мақсатты түрде атқарылған тәрбие жұмысы балалардың бойына туған жерге, Отанға деген сүйіспеншіліктің қалыптасуына мүмкіндік береді. Ұлттық құндылықтарға негізделген білім мәдени мұраның сақталуына ықпал етіп, өз мәдениеті мен тарихына құрметпен қарауды үйретеді. Сонымен қатар, қоғам өміріне белсенді араласу арқылы азаматтық жауапкершілікті қалыптастырады. Әділ және үйлесімді қоғам құру үшін қажетті моральдық принциптерді дамытуға ықпал етеді. Қоғамның тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін біз білім берудегі осы көзқарасты сақтауға және дамытуға тиіспіз», – дейді №19 жалпы білім беретін мектеп директорының орынбасары Айнаш Қалдыбекова.

Толерантылық, сыйластық және өзара түсіністік қағидаттарына ерекше назар аудара отырып, білім беру бағдарламаларына ұлттық құндылықтарды енгізу қажет. Сонда ғана біз бірегейлігіміз бен бірлігімізді сақтап, тұрақтылыққа және жаһандық қоғамдастықтағы интеграцияға қол жеткізе аламыз.

Рая ЕСКЕРМЕКШЫЗЫ.

Газетіміздің келесі саны 28 наурыз, жұма күні шығады.

«Алматы қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» КММ (бұдан әрі – Басқарма) басқарманың шаруашылық жүргізу құқығындағы мынадай коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың Байқау кеңесінің мүшелігіне кандидаттарды іріктеу жөніндегі конкурс өткізілетіні туралы хабарлайды, конкурс өткізілетін орын: 050001, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Республика алаңы, 4.

№ р/с	Медициналық ұйымдар атауы	Занды мекенжайы/ Орналасқан жері
1	Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№7 қалалық емхана» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	050013, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Бұқар жырау көшесі, 14-үй
2	Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№8 қалалық емхана» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	050040, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Түркебаев көшесі, 40-үй
3	Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№12 қалалық емхана» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	050040, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Попов көшесі, 23
4	Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№16 қалалық емхана» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын	050036, Алматы қаласы, 12 ықшамауданы, 19-үй
5	Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№29 қалалық емхана» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	050038, Алматы қаласы, Алатау ауданы, «Зерделі» шағынауданы, 371/3
6	Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№32 қалалық емхана» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	050054, Алматы қаласы, Түркісіб ауданы, көшесі, Монтажный, үй-33.
7	Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№4 Қалалық клиникалық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	050054, Алматы қаласы, Түркісіб ауданы, Папанин көшесі, 220-үй.
8	Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№7 қалалық клиникалық аурухана» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	050006, Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, «Қалқаман» ықшамауданы, 20-үй.
9	Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «И.Жекенова атындағы қалалық клиникалық жұқпалы аурулар ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	050040, Алматы қаласы, Түркісіб ауданы, Дегдаркөшесі, 10/2-үй.
10	Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Тері-венерологиялық диспансер» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	050057, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Манас көшесі, 65.
11	Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№33 қалалық емхана» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	050034, Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Райымбек данғылы, 263/2-үй.

Ұйымдардың негізгі қызметі – медициналық қызмет. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарда байқау кеңестеріне сайланатын адамдарға қойылатын талаптар жоғары білімнің, сондай-ақ мынадай талаптардың біреуінің болуын қамтиды:

- денсаулық сақтау саласында немесе ұйымның және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық бөліні бойынша кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;
- денсаулық сақтау саласында немесе ұйымның бейіні және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) басшы лауазымдағы құқық бойынша кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;
- денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктерге мүшелік етуін қамтиды.

Байқаушы кеңестің мүшесі ретінде:

- өтелмеген немесе алынбаған сотталығы бар;
- осы заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам заңды тұлғаның басшысы болған;
- бұған дейін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;
- байқаушы кеңестің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорынның басшысымен жақын туыстық сипаттағы қатынастағы тұлға сайланбайды.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адамдар үшін конкурсқа қатысу туралы етініштерді беру мерзімі конкурс өткізу бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған күннен бастап отыз күнтізбелік күн өткеннен кейін аяқталады.

Конкурсқа қатысу туралы етінішке қоса берілетін құжаттардың тізбесі:

- конкурсқа қатысу туралы еркін нысандағы етініш;
- мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме;
- еркін нысанда жазылған өмірбаян;
- кандидаттың жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- жоғары білім туралы құжаттың көшірмесі;
- Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;
- Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің аумақтық бөлімшелері берген сотталықтың және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың жоқтығын растайтын құжаттар.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсыныстар) ұсына алады.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалардың құжаттарын қабылдау күні конкурс өткізу туралы хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған күннен бастап мына мекенжай бойынша анықталады: 050001, Алматы қаласы, Бостандық ауданы,Республика алаңы 4, ұялы тел.: 8 701 493 01 77.

Конкурстың басталу күні (құжаттарды қабылдау) – 2025 жылғы 21 наурыз.

Конкурстың аяқталу күні (құжаттарды қабылдауды аяқтау) – 2025 жылғы 20 сәуір.

Конверттерді ашу күні мен уақыты – 2025 жылғы 20 сәуір.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Есхат БОЖАН
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.

E-mail:
alatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сөйсенді және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 13 260 дана (жұма)

Кезекші редактор – Гүлжанат СЕМБАЕВА

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында терініп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00 Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



ЖҮЗДЕСУ

ЖАҚСЫЛЫҚҚА ЖАРШЫ БОЛҒАН НАУРЫЗЫМ!

Қаладағы А.Чехов атындағы орталық кітапхана ұжымы жас оқырмандарымен бірге Наурызнама онкүндігінің Жаңару күнін атап өтті. Жастарға өсиет-өнегесін айтсын деп, айтулы күнге елге белгілі тұлғалар шақырылыпты.

**Нұржамал
ӘЛІШ**

Жаңару күнінде кітапхана шаңырағы ән-жырға бөленді. Белгілі қобызшы, зерттеуші, ұстаз Саян Ақмолда қонаққәде ретінде күй орындап берді. Дәстүрлі әнші Еркін Шүкіманның қос шәкірті – Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясының студенттері Алтынбек Тұрғанбаев пен Даниял Рахметолла да жиналған үлкен-кішіні әдемі әндерімен тербетті. Мұстафа Өзтүріктің шәкірті, таэквондодан қара белбеу бойынша 5-ші дан иегері Байділдә Жұмабеков те Наурыз туралы лебізін білдірді.

Ал балғын шәкірттері көптің алдына шығып таэквондо қимылдарын көрсетіп, ықыласқа бөленді.

Қазақ халқы ежелден бала тәрбиесіне көп көңіл бөлген халық. Жалпы, бала дүниеге келгеннен бастап, есейген шағына дейін жиырма шақты әдет-ғұрып жасалады екен. Соның ішінде тұсаукесер салтының мәні терең. Мереке-лік жүздесуде қаламгер Кәдірбек Сегізбайұлы алғашқы қадамын жасап, енді ғана тәй-тәй басып жүрген кішкентай Мұхаммедтің тұсауын кесіп, ақ жол тіледі. Сондай-ақ, қаламгер құр келмей, екі кітап ала келіпті. Жастар рухани бай болсын деген тілегімен кітапхана қорына сыйлады.



Кәдірбек СЕГІЗБАЙҰЛЫ,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Абай атындағы әдебиет пен өнер саласындағы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты:

ЖҮРЕККЕ НҰР ҚҰЙЫЛДЫ

Тарихтың талай-талай қасіретін көрсе де, майысса да сынбаған, тарихтағы орнын жоғалтпай келе жатқан халқымыз жаңа жылды қаңтарда емес, Наурызда тойлайтын күнге жетеді деп сенемін. Наурызнама деген онкүндік қандай ғажап, әр күнді бөліп-бөліп қарап, міне, дәріптеп жатырмыз. Кеше Ұлттық киім күнінде түгел бол масақ та, жартылай ұлттық киіммен шығып жатқанымызға қуандық. Мұның бәрі біздің қазақ екеніміздің бір көрінісі. Біздің мінезіміз де, жаратылысымыз да ешкімнен кем емес. Сондықтан қазақтың болашағы зор. Ертең елдің тұтқасын ұстайтын мына отырған қаракөз балалар, сендер аман болыңдар деймін, айналайындар. Мынау күйші балалар қандай, қазақтың дәстүрін жүрегімізге құйып беріп, бір сәтке рухани күш сыйлады.



Аманжан ЕҢСЕБАЙҰЛЫ,
Қазақ радиосының ардагері, мәдениет қайраткері:

ДАУЫСТАП АЙТА АЛМАЙТЫНБЫЗ...

Бір кездері біз дәл бүгінгідей Наурызды тойлай алмайтынбыз. Наурыздың не екенін білсек те, тіліміз байланып, дауыстап, қуанып айта алмайтынбыз. Жарқырап елдің алдында мынадай ұлттық киіммен шыға алмайтынбыз. Ол тұста Алматы жабық қала болатын. Қазақ баласына тіркеуге тұру қияметтің қияметі болатын. Тәуба, Тәуелсіздіктің арқасында бүгінгідей жарқыраған күндерге жеттік. Кешегі Ұлттық киім күнінде айналама сондай сүйсініп қараумен болдым. Үкілі тақия киген арулар, иығына зерлі шапан ілген жігіттер қандай! Жас ұрпақ Тәуелсіздікті қадірлей білсе деймін.

Ішіміз даудан, сыртымыз жаудан аман болсын!



Гүлмәрия БАРМАНБЕКОВА, ардагер тележурналист:

ОЮДА ДА ОЙ БАР

Қазақ халқының ұлттық киімдеріндегі ою-өрнектердің өзі неткен ғажап?! Қараңызшы, міне, ортамызда отырған қыздардың киімдері қандай көркем! Көбі ойлайды, текеметке салынатын ою-өрнектерді әкеліп киімдерге жапсырады деп. Біле-білсек, әр оюдың өз айтары, мағынасы болған. Қазіргі жас дизайнерлер сол үлкен пәлсапаға ие ою-өрнектерімізді бүгінгі киімдерімізге лайықтап, үйлестіріп пайдаланып жүргені қуантады мені.

Біз мұнда неге келдік, жастар, сендерге өсиет, өнеге айтайын деп келдік. Мен өзім 75-ке келсем де, әлі күнгі салауатты өмір салтын ұстанамын. Сондықтан сымбатты, сұлу болу үшін әрдайым денені шынықтырып жүріңдер. Ағза да, ой да шымыр болғаны жақсы. Білгендеріңді биіктетіңдер. Өнердің көгіне өрлендер.



Раиса ҚАЛДЫБАЙҚЫЗЫ, зейнеткер-педагог, қоғам белсендісі:

ШАШТЫ ЖАЙМАҒАН ДҰРЫС...

Сонау Кеңес заманының өзінде ұлттық іс-шаралар десе, делебем қозып, білек сыбана кірісіп кететінмін. Иә, әрине, бүгін арамызда ұлттық киімдегі сұлу қыздарымызға мен де сүйсініп отырмын. Дегенмен, ұлттық киім кигеннен кейін шашты бұлай жайып жүрмеген дұрыс деп ойлаймын. Қазақ шашын қай кезде жайғанын бәріміз білеміз. Бұрымды шаштың өзі бойжеткенді ізетті, ибалы көрсететіні анық. Қазір көшеде шалбарланып жүретін әжелер де аз емес. Қоғамдық көліктерде «апаға орын беріңдер, апаға» деген дауысқа бұрылып қарай қалсаң, тырысқан шалбар киіп тұрған әжені көресің. Сондықтан үлкендер де өз жасына лайықты киінгені абзал. Сөзіміз ісімізбен үйлесім тауып жатса, жастар да бізге қарап ойын, бойын түзейтіні анық. Наурыздан наурызға жете берейік!